2	15.11.2024ж БАҚЫТТЫ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗ БАЛАЛЫҚ ШАҚ	189	И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейдің 8-11 сынып қыздарымен кездесу өтті. МАҚСАТЫ: қыздар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, ерте жүктіліктен сақтану жолдары, суицид, алаяқтықтан сақтану, жеке бас гигиенасы т,б. Қатысқан қонақтар: Исахожаева Арайлым Бауыржанқызы Қызылорда қалалық прокуратурасының мемлекеттік айыпты қолдау тобының прокуроры Қызылорда қаласының №1 қалалық емханасының психолг маманы Ермаханова Манат Телғарақызы Кездесу барысында қыздардың ойларында жүрген құқықтық сауаттылықты арттыра отырып, сұрақтарына жауап алып, бейнероликте көрсетілген жайттан бір-бірін аулақ болуға шақырды. Психолог маман тренинг жүргізді. Таратпа қағаздары таратылды.	 	https:// www.facebook.com/ share/p/12AWyJLZGzB/

2024-2025 оқу жылдары бойынша жаңа жылдық шыршаны ұйымдастырудың іс-шаралар жоспары

№	Іс-шаралар атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1	Жаңа жылдық балалар шыршасын даярлау және өткізу бойынша іс-шаралар жоспарын дайыпдап, бекіту	02.12.2024ж	Т.Тастаева
2	Жаңа жылдық балалар шыршасын ұйымдастыру бойынша кесте жасап, бұйрық шығару	18.12.2024ж	Т.Тастаева
3	Жаңа жылдық мереке күндері мектепте кезекшілік ұйымдастыру және түнгі рейдтерді қадағалау жұмыстары. Қысқы демалыс күндері мектептегі жылудың берілу жағдайы қатаң қадағалау	18.12.2024ж 30.12-08.01	Г.Құрашова кәсіподақ төрайымы Г.Рахымжанова Е.Жорғатаев
4	ҚР Президенті атынан балалардың жаңа жылдық шыршаға қатысатын 9-13 жастағы жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, мүгедек балалар, анасы мүгедек отбасының балалары арасынан оқу озаттарының дарынды балалардың тізімін іріктеу,	02-10.12.2024ж	Мектеп әкімшілігі А.Нұртанова

	бекіту		
5	Жаңа жылдық шыршаның концерттік бағдарламасын әзірлеу, балалардың дайындық шараларын қатысу карнавалдық костюмдер дайындау, кейіпкерлерді сомдауға әр бірлестіктен 2 мұғалімді қатыстыру	05.12.2024ж	«Жас мамандар» мектебі Дене шынықтыру пәні бірлестігі
6	Буындар бойынша сценарий жасау	05.12.2024ж	А.Айдарбекова Г.Нұрмағанбетова
7	Мектеп-лицейдің жаңа жылдық шыршасын безендіру жұмыстарын ұйымдастыру	20.12.2024ж	Технология бірлестігі Жас мамандар мектебі И.Қуанышбек Е.Жорғатаев
8	Өрт сөндіру қауіпсіздігін ұйымдастыру, төтенше жағдайлар департаментіне хат жолдау	19.12.2024ж	Т.Тастаева
9	ҚР Президентінің бейнекұттықтауын экранға көрсетілуін ұйымдастыру. Жаңа жылдық шыршаны БАҚ беттеріне беру, желіге жариялау.	23-30.12.2024ж	Г.Нұрмағанбетова О.Исаходжаев
10	Жаңа жылдық шыршаны өту барысында ішкі тәртіпті реттейтін кезекшілік кестесін дайындау және бақылауды ұйымдастыру Балалар шешінетін орын Дәліз кіру-шығу есіктері Зал ішіндегі кезекшілік Сыртқы ауладағы кезекшілік	23-30.12.2024ж	Б.Аблаев Е.Жорғатаев Б.Жекенов И.Қуанышбек Ш.Меңлесбайұлы
11	ЕБҚ оқушылардың және үйден оқитын оқушылардың жаңа жылдық кештерін ұйымдастыру, Аяз ата ақша қармен бірге үй аралау	23-25.12.2024ж	А.Ерназаров, Л.Тәжібаева П.Кәрібекова, Н.Айтбай А.Топжарғанова
12	Мерекелік іс-шараларды өткізу барысында апат орын алған жағдайда эвакуациялық шығу жолдарының ашылуын қамтамасыз ету, дабыл қондырғыларын тексеру, электр желілерінің жарамдылығын, өрт сөндіргіш құралдардың болуын қамтамасыз ету	23-30.12.2024ж	В.Валиевке Е.Жорғатаевқа

2024-2025 оқу жылындағы жаңа жылдық шыршаны ұйымдастыру барысында қауіпсіздік шараларының қамтамасыз етілуі жөнінде

Мектеп-лицейде жаңа жылдық іс-шараларды қауіпсіз және жоғары деңгейде өткізу мақсатында алдын ала жоспар құрылып, тиісті жауапты тұлғалар бекітілді. Қауіпсіздік шараларының орындалуы ерекше бақылауға алынды. Мерекелік іс-шара кезінде оқушылардың, ата-аналардың және мектеп қызметкерлерінің қауіпсіздігін сақтау бағытында төмендегідей жұмыстар атқарылды:

1. Эвакуациялық жолдардың дайындалуы

Ғимарат ішіндегі **барлық эвакуациялық шығу жолдары тексеріліп**, еркін ашылуына толық жағдай жасалды. Шығу бағыттарын көрсететін **бағыттаушы белгілер** мен флуоресцентті көрсеткіштер жаңартылып, айқын көрінетін жерлерге орналастырылды.

Әрбір эвакуациялық есік алды **тазартылып**, бөгет болатын артық заттар толық шығарылды.

Кезекші қызметкерлер мен техникалық мамандарға **эвакуация жоспары бойынша нұсқама жүргізілді.**

2. Өрт дабылдары мен қондырғыларды тексеру

Мектеп ғимаратының барлық бөліктеріндегі **өрт қауіпсіздігі дабылдары мен сигнал беру жүйелері** техникалық қызмет мамандарымен тексерілді.

Барлық дабыл жүйелері жұмыс істейтін күйде, тиісті орындарға бекітілген.

Өрт дабылы іске қосылған жағдайда **дыбыстық хабарлау жүйесі** де дайын екені нақтыланды.

3. Электр желілерінің және мерекелік жабдықтардың жарамдылығы

Мектеп ішіндегі **электр желілері мен розеткалардың жарамдылығы** арнайы мамандар тарапынан тексеріліп, акт жасалды. Мерекелік безендіруде қолданылатын **гирляндалар, шамдар мен жарықтандыру құрылғылары сертификатталған, отқа төзімді материалдан жасалған**, техникалық қауіпсіздік талаптарына сай.

Электр жабдықтарын қолдануда **уақытша қосылатын сымдар мен қосқыштардың қауіпсіздігі** сақталды.

4. Өрт сөндіргіш құралдардың жағдайы

Барлық оқу кабинеттері мен негізгі іс-шара өтетін **мәжіліс залына, дәліздер мен кіреберістерге өрт сөндіргіштер орнатылып**, олардың жарамдылығы тексерілді.

Өрт сөндіргіш құралдардың саны жеткілікті, қолдану уақыты өтіп кеткен құралдар ауыстырылды.

Жауапты қызметкерлерге **өрт сөндіргішті қолдану жөнінде нұсқаулық берілді**.

5. Ішкі тәртіп пен кезекшілік

Жаңа жылдық шырша барысында ішкі тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында **кезекшілік кестесі құрылып**, барлық жауапты мұғалімдер бекітілді.


Балалар шешінетін орындарда және **зал ішіндегі қозғалысты реттеуде** мұғалімдер кезекшілік етті.
Дәліздер мен аула аумағында кіру-шығу қозғалысы бақыланды.
Мереке өтетін залда артық жүктеме болдырмау үшін **қатысушылар саны шектеліп**, **оқушылар сынып бойынша топпен кіргізілді.**

6. Арнайы санаттағы оқушылармен жұмыс

Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылар мен үйде оқитын балалар үшін **жеке іс-шара ұйымдастырылды**, оларға Аяз Ата мен Ақша қар үйге барып, сыйлықтарын табыстады. Олардың қауіпсіздігі мен көңіл күйі назардан тыс қалмады. Жоғарыда аталған барлық қауіпсіздік шаралары 2024 жылдың желтоқсан айының 20-30 күндері аралығында **В.Валиев пен Е.Жорғатаевтың жетекшілігімен** сапалы түрде ұйымдастырылды. Қажетті техникалық құралдар жаңартылып, тиісті нұсқаулықтар жүргізілді. Жаңа жылдық іс-шара **қауіпсіз, тәртіпті және жоғары деңгейде** өтті.







МЕКТЕП / СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТТЕР, ПІКІРСАЙЫС КЛУБТАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Қала, аудан	Барлық мектеп саны	Колледждер	Білім алушылар саны (6-11 сынып)	Білім алушылар саны (колледж)	Білім алушылар саны (колледждер)	Парламент және дебат клубтарындағы барлық қатысушылар саны	%
1	2	3	4	5	6	7	8
Қызылорда қаласы И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицей	1	-	851	-	-	609	72%


МЕКТЕП / СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТТЕР, ПІКІРСАЙЫС КЛУБТАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Қала, аудан	Мектеп парламенті, студенттік парламент туралы жалпы мәліметтер			Парламент мүшелері				Қала, аудан	Дебат клубтары туралы жалпы жалпы мәліметтер			Дебат клубтары туралы			
	Мектеп парламенті, студенттік парламент саны	Оқушы балалар (Орта мектеп және колледж)	%	Мектеп парламенті саны	Студенттік парламент саны	Оқушы балалар саны (мектеп парламенті)	Оқушы балалар саны (колледж)		Дебат клубтары саны (орта мектеп және колледж)	Оқушы балалар саны (орта мектеп және колледж)	%	Дебат клубтары саны (орта мектеп)	Дебат клубтары саны (колледж)	Оқушы балалар саны (орта мектеп)	Оқушы балалар саны (колледж)
Қызылорда қаласы И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицей	1	127	15%	1	-	127	-	Қызылорда қаласы И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицей	1	482	67%	1	-	482	-


«ПАНФИЛОВ ПАРЛАМЕНТІ» ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ

Мақсаты: балалар мен жастардың табысты әлеуметтенуі және өзін-өзі тиімді жүзеге асыруы үшін жағдай жасау, туындайтын мәселелерді білім алушылардың өз бетінше шешуі үшін мүмкіндіктер жасау.

- **білім алушылардың шығармашылық белсенділігін және өз бетінше әрекет етуін іске асыру;**
- **білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, оның ішінде білім беру, әлеуметтік-тұрмыстық және олардың мүдделерін қозғайтын өзге де мәселелерді шешуге көмек көрсету болып табылады;**
- **білім беру ұйымының басшылығына білім беру және ғылыми міндеттерді шешуде, білім алушылардың бос уақыты мен тұрмысын ұйымдастыруда, салауатты өмір салтын насихаттауда көмек көрсету;**
- **білім беру ұйымдарына білім беру және тәрбие процесі шеңберінде өткізілетін іс-шараларға көмек көрсету;**
- **білім беру ұйымының рухы мен дәстүрлеріне патриоттық қатынас жасауға, білім алушылардың санасын және олардың өз білім деңгейіне талап етуін арттыруға, мүлікке ұқыпты қарауға тәрбиелеуге бағытталған жұмыстар жүргізу;**
- **білім алушыларды білім беру ұйымының қызметі туралы хабардар ету;**



МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІМІЗДЕ ӨЗІН – ӨЗІ БАСҚАРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ МЕН КӨШБАСШЫЛАРДЫҢ ЕСІМІН ҰЛЫҚТАУ РӘСІМІ ӨТКІЗІЛДІ.

Жаңа Президентпен бірге өзін-өзі басқару ұйымының жаңа құрамы анықталып, салтанатты ант беру рәсімі өткізілді.
Мақсаты:
•оқушылар мен мектеп ұжымына мектеп президентін ресми түрде таныстыру;
•оқушылардың өзара қарым-қатынасын нығайту;
•мектеп оқушыларының алдындағы өз міндетін білуге, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;
•жас ұрпаққа мектептің қоғамдық жұмысына әрдайым белсенді атсалысуға баулу.


«ПАНФИЛОВ ЖАСТАРЫ» ДЕБАТ КЛУБЫ

Жобаның мақсаты:

Заман талабының сұранысына саласы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру. Мектепішілік пікірсайыс турнирлерін ұйымдастыру, үздіктерді анықтап, ынталандыру. Мектеп намысын қорғайтын үздік оқушыларды анықтау. Мектеп оқушыларын мектепаралық, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық пікірсайыс турнирлеріне қатыстыру, тәжірибе алмасу арқылы үздік нәтижелерге қол жеткізу. Қазіргі таңда «Панфилов жастары» дебат клубына 30 оқушы қатысуда.Тәлімгер: Қуанышбек Инабат.


JAS LEADER AKADEMIIASY

- *Бағдарламаның мақсаты* - 5-11 сынып оқушылары арасында көшбасшылық қабілеттерді қолдап, дамыту және мектепте оқытпайтын, бірақ сұранысқа ие дағдыларды үйрету.
- *Міндеттері:* оқушыларға қарым-қатынас, критикалық ойлау негіздерін, көпшілік алдында сөйлеу және келіссөз жүргізу дағдыларын тиімді пайдалануды үйретеді. Факультативті сабақтар, ай сайынғы кездесулер, шеберлік сыныптар, танымал тұлғалардың қатысуымен көшбасшылық тренингтер және үздік оқушылар марапатталатын жыл сайынғы конференциялар жоспарланған.
- *Қазіргі таңда №5 мектеп-лицей бойынша «JAS LEADER AKADEMIIASY»құрсына 40 оқушы қатысуда. Тренер Нұртанова Асылзат.*











ҚАҢТАР – ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ

1 қаңтар – Жаңа жыл

<u>күнделікті:</u>

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

«Үнемді тұтыну» – жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру.

«Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде арнайы күй тыңдату.

апта сайын:

«Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

Аптаның дәйек сөздері

Заң алдында бәріміз теңбіз – ортақ тәртіп осы.
Тәртіп орнаған ортада – татулық пен даму болады.
Адал болу – ең әуелі заңды сақтау мен сыйлаудан басталады.
Өзіңді түзет – ортаң түзеледі, ортаң түзелсе – қоғам түзеледі.

№	Шара атауы	Орындалу мерзімі	Жауапты орындаушылар	Жұмыс түрі
1	Отбасымызбен кітап оқимыз	1-8.01.2025ж	Г.Сәрсенова Ғ.Бұрханова 4Б	бейнеролик
2	Кепілдік берілген әлеуметтік топтама шеңберіндегі ұсынылатын көмектің түрлері мен көлемдерін айқындау туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 30 желтоқсандағы №1032 қаулысы бойынша 2022 жылдың I –ші тоқсанына құжат өткізген ата-аналарды анықтау, құжаттарын (уведомление) жинақтау	05.01.2025ж	А.Нұртанова	жинақтау
3	ӘБ жетекшілерінің жартыжылдық қорытынды есебі	05.01.2025 ж	Э. Қожахмет	пән бірлестіктерімен жұмыс
4	1. II оқу тоқсанының қорытындысына талдау жасау. 2. Ағылшын тілінде жаратылыстану пәндерінің берілуі 3. Математика, физика, информатика пәні бірлестігінің жұмыстарымен танысу, зерделеу 4. Республикалық пәндік олимпиадасының II кезеңінің қорытындысын талдау, мониторинг жасау.	05.01.2025	Б. Аблаев Э. Қожахмет	әдістемелік кеңес жоспары
5	Қысқа мерзімді және орта мерзімді жоспарларды тексеру	5-8.01.2025	Мектеп әкімшілігі	зерделеу, оқу жылына дайындағын пысқтау
6	Тоқсандық қозғалыстағы мектеп оқушыларының өзгерістерін бақылай отырып, ыстық тамақ ішетін оқушылар тізімін толықтыру	6-10.01.2025ж	А.Нұртанова	жиналыс
7	Мамандықтар марафоны	06-17.01.2025ж	көркем еңбек, информатика, робототехника мұғалімдері Э.Қожахмет	байқау
8	«Әке – отбасының тірегі, бақыттың алтын бағы» жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы	08.01.2025ж	Т.Тастаева Г.Нұрмағанбетова А.Айдарбекова	жиын
9	Сыныптық ата-аналар жиналыстарына қатысу;	08.01.2025ж	А.Нұртанова	жиналыс
10	Олимпиадалық резерв бойынша оқушыларды іріктеу, дайындау. Интеллекуталды сайыстарға қатыстыру. ҚББ кестесіне сәйкес шығармашылық байқауларға қатыстыру	08-31.01.2025	Бірлестік жетекшілері	олимпиадалық мектеп жұмысы
11	Педагог қызметкерлерге қатысуға рұқсат берілген байқауларға заңдылығына сәйкес қатыстыру.	08-31.01.2025	Бірлестік жетекшілері	кәсіби байқауларға қатысу
12	Коучинг «Саралау тапсырмаларын оқу үрдісінде тиімді пайдалану»	08.01.2025 ж	А.Оналбаева	жас мамандармен жұмыс
13	Пән мұғалімдерін жүйелі түрде білім жетілдіру курстарынан өтуін қадағалау, ұйымдастыру	08-31.01.2025ж	Э. Қожахмет Бірлестік жетекшілері	біліктілікті арттыру қызметі
14	«EHUB» аппараттық-бағдарламалық кешені жұмысын жүйелі ұйымдастыру	09.01.2025ж	Мектеп әкімшілігі	қадағалау
15	«Тарих ұмытылмасы сөзсіз» тақырыбында Ұлы Отан соғысы жылдарында салынған ғимараттар жайлы ақпарат алу мақсатында Қызылорда облыстық музейіне саяхат	9-10.01.2025ж	ДТІЖО Сынып жетекшілері	музейге саяхат
16	Сіздің темпераментіңіз тесті	09-17.01.2025	А.Топжарғанова	психодиагностика

			5-7- сыныптар	
17	Ағылшын және орыс тілі пәндерінің жүргізілу сапасы.	9.01-17.01.2025	Мектеп әкімшілігі	оқу пәндерінің оқытылу жағдайын бақылау
18	Қабілеті жоғары оқушылардың базасын жасау: Ф.Татл мен Л.Беккер «Балалардың бейімділігінің мүмкіншілігін және дарындылығын анықтау»	09-31.01.2025	А.Топжарғанова	психодиагностика
19	Сұраныс (сынып жетекшісі,пән мұғалімі,ата-ана) негізінде жеке және топтық кеңес беру	09-31.01.2025	А.Топжарғанова 1-11 сыныптар	психодиагностика
20	«Даңқ» бұрышына экскурсия	13-24.01.2024ж	В.Валиев 3-6 сыныптар	экскурсия
21	«Мамандықтың бәрі жақсы таңдай біл!»	13-17.01.2025ж	4,9,11 сынып жетекшілері	сынып сағаты
22	«Адал дос – шын дос» акция	13-20.01.2025ж	И.Қуанышбек	көңілді үзіліс
23	«Кітабынды күтіп ұста!» сыныптарға рейд жүргізу	13-25.01.2025ж	Г.Сәрсенова Ғ.Бұрханова 1-11 сынып	рейд жүргізу
24	І жартыжылдық қорытындысымен аттестаттаудан өтетін педагог қызметкерлердің жұмыстарын саралау	15.01.2025	аттестаттау комиссиясы	педагог қызметкерді аттестаттау жұмыстары
25	«Ертегілер әлемінде»	15-16.01.2025ж	Г.Сәрсенова Ғ.Бұрханова 3-сыныптар	кітап көрмесі
26	5-11 сыныптардың ағылшын тілі пәні сабақтарына қатысу	15-25.01.2025	Мектеп әкімшілігі	зерделеу
27	«Мектеп және тәртіп»	16.01.2024ж	И.Қуанышбек	зияткерлік ойын
28	«Заң және тәртіп» құндылығы	17.01.2025ж	ДТЖО инспектор 8-11 сынып жетекшілері	кездесу
29	9-сынып оқушыларына психологиялық қолдау «Мамандықтар әлеміне саяхат»	17.01.2025	А.Топжарғанова	тренинг
30	«Тарих Ата» Қазақстан тарихы пәні бойынша оқушыларды қатыстыру, нәтижеге қол жеткізу	18-31.01.2025ж	А. Ахметова	оқушылардың ғылыми қоғамы
31	Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз! қауіпсіздік сабағы (10 минут)	20-24.01.2025ж	7,8,10 сынып жетекшілері	сынып сағаты
32	Бастауыш пән бірлестігінің онкүндігі «Бастауышым балбұлағым»	20-30.01.2025 ж	А.Айдарбекова А.Хасенова Н.Ющенко	пән бірлестіктерімен жұмыс
33	«Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» байқауы	20-24.01.2025ж	информатика, жаһандық құзыреттілік мұғалімдері Э.Қожахмет	байқау
34	«Ертегілерге сыр шерту»	21.01.2025ж	Г.Сәрсенова Ғ.Бұрханова 1 сынып	ертегілермен таныстыру
35	«Әкем үйреткен»	22.01.2025ж	И.Қуанышбек 4,5-сыныптар	бейнероликтер сайыс
36	«Төтенше жағдай орын алғанда алғашқы көмек көрсетудің жолдары»	23.01.2025ж	В.Валиев 8-9 сыныптар	шеберлік сағаты
37	Б.Соқпақбаевқа 100 жыл толуына орай жазушы шығармаларын оқу «Ақылды бейсенбі» тәлімгер уақыты	23.01.2025ж	И.Қуанышбек	бейнеролик даярлау
38	11-сынып оқушыларын ҰБТ-ға психологиялық қолдау «Болашағым өз қолымда!»	23.01.2025	А.Топжарғанова	тренинг
39	«3D принтер – болашақ технологиясы»	23.01.2025 ж	А.Басығараева Т.Байтұяқова	оқушылардың ғылыми қоғамы
40	Қазақ тілі пәні бойынша «Жарқын болашақ» олимпиадасының мектепішілік кезеңі	25.01.2025 ж	А.Сырғабаева А.Мақұлбекова А.Сақтағанова	олимпиадалық мектеп жұмысы
41	«Қазақ есебі» челленджі /А.Жұмаділдаевтың ұсынған есептерін шығару/	26.01.2025 ж	Г.Абилдаева	олимпиадалық мектеп жұмысы

42	«Шебер мұғалім – білімді, әрі саналы ұрпаққа негіз болмақ» шебер сынып	26.01.2025	А.Сақтағанова	мұғалімдер мен шығармашыл ұстаздар жұмысы
43	Буллингтен қорған! қауіпсіздік сабағы (10 минут)	27-31.01.2025ж	3,5,6 сынып жетекшілері	сынып сағаты
44	«Ұлағатты Ұландар!»	29.01.2025ж	И.Қуанышбек	үзілісте насихаттау
45	8-сынып оқушылары арасында «Сана. Болжа. Тап» математикалық эстафета ойыны	30.01.2025 ж	Д.Махаева Ж.Мирманова	оқушылардың ғылыми қоғамы
46	2-4 сынып оқушылары арасында «Бастау» математикалық олимпиадасының мектепішілік кезеңі	31.01.2025 ж	А.Хасенова Н.Ющенко	олимпиадалық мектеп жұмысы
47	«Азамат болу – міндет, патриот болу – парыз» - деген Бауыржан Момышұлының қанатты сөздері ұрпақ үшін өнеге әскери қолданбалы түрінен сайыс	30.01.2025ж 12.15 Акт зал	В.Валиев 9-10 сыныптар	конкурс
48	Асхана жұмысын тексеру. Асханадағы оқушылардың дұрыс тамақтануын қадағалау.	үнемі	Г.НұрмағанбетоваА. Нұртанова	қадағалау
49	Әлеуметтік осал топтағы ата-аналарға көмек көрсету	уақытында	Мектеп әкімшілігі	зерттеу
50	Атаулы әлеуметтік көмек алатын оқушылардың жол ақы тізімін Қалалық білім бөліміне жолдау	мерзімінде	А.Нұртанова	есеп беру
51	Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылғандығы жөнінде табель өткізу.	мерзімінде	А.Нұртанова	табель өткізу
52	Оқушылардың жеке іс қағаздарын, алфавиттік кітап, сынып журналын, күнделіктерін тексеру	Кестеге сәйкес	Б.Аблаев Б.Жекенов	Қадағалау, зерделеу
53	Негізгі пәндер бойынша үйден оқытылатын оқушылардың сабағы	II апта	Оқу орынбасарлары	талдау
54	3 педагогикалық кеңестің ш ешімдерінің орындалуы	II апта III апта	Әкімшілік	бақылау
55	Медициналық кітапшаның жүргізілу тәртібін	Үнемі	Б.Аблаев Б.Жекенов	қадағалау, басшылық жасау
56	Эл.журналдардың толтырылуын бақылау	Үнемі	Б.Аблаев Б.Жекенов	үнемі бақылау
57	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарының орындалуы	Үнемі	Мектеп әкімшілігі	зерделеу





















2025 жылдың қаңтар айында мектеп бойынша оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заңға деген құрмет сезімін қалыптастыру және тәртіпке баулу мақсатында кешенді жұмыстар жүргізілді.

Күнделікті іс-шаралар

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» жобасы аясында үзіліс уақыттарында асық, тоғызқұмалақ, бес тас секілді дәстүрлі ұлттық ойындар ұйымдастырылып, оқушылардың бос уақыты тиімді өткізілді.

«Өнегелі 15 минут» бастамасы арқылы ата-аналар балаларымен күнделікті жеке әңгімелесулер жүргізіп, тәрбие мен адами құндылықтар туралы пікір алмасты.

«Үнемді тұтыну» тақырыбында сыныптар арасында жадынамалар мен нұсқаулықтар таратылып, энергия, су және азық-түлік ресурстарын тиімді тұтыну насихатталды.

«Күй күмбірі» жобасы негізінде үзілістерде және қоңырау кезінде ұлттық күйлер ойнатылып, оқушылардың рухани мәдениетін көтеруге бағытталды.

Апта сайынғы тұрақты жұмыстар

Аптаның алғашқы сабағында «Менің Қазақстаным» жобасы аясында барлық сыныптар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындады.

Әр аптада оқушылар мен ұстаздарға бағытталған дәйексөздер жарияланып, мектептің ақпараттық тақталарында және әлеуметтік желі беттерінде насихатталды:

«Заң алдында бәріміз теңбіз – ортақ тәртіп осы.»

«Тәртіп орнаған ортада – татулық пен даму болады.»

«Адал болу – ең әуелі заңды сақтау мен сыйлаудан басталады.»

«Өзіңді түзет – ортаң түзеледі, ортаң түзелсе – қоғам түзеледі.»

Негізгі бағыттағы іс-шаралар

17 қаңтарда **«Заң және тәртіп»** құндылығы аясында 8-11 сынып оқушыларымен инспектор қатысқан кездесу ұйымдастырылды.

16 қаңтарда **«Мектеп және тәртіп»** тақырыбында зияткерлік ойын өткізілді.

20-24 қаңтар аралығында **«Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!»** тақырыбында 7, 8, 10 сыныптарда қауіпсіздік сабақтары өтті.

27-31 қаңтарда 3, 5, 6 сыныптар арасында **«Буллингтен қорған!»** тақырыбында түсіндіру сабақтары мен әңгімелер жүргізілді.

30 қаңтарда Б.Момышұлының қанатты сөздері негізінде әскери-патриоттық сайыс **«Азамат болу – міндет, патриот болу – парыз»** тақырыбында өткізілді.

Қосымша тәрбиелік бағыттағы жұмыстар

«Адал дос – шын дос», **«Әкем үйреткен»**, **«Ұлағатты Ұландар»**, **«Мамандықтар әлеміне саяхат»**, **«Болашағым өз қолымда»** сияқты танымдық, тәрбиелік мазмұндағы акциялар мен тренингтер ұйымдастырылды.

«Тарих ұмытылмасы сөзсіз», **«Даңқ бұрышы»** тақырыптарында экскурсиялар өткізіліп, оқушылардың Отан тарихына деген қызығушылығы мен патриоттық сезімі нығайтылды.

Қаңтар айында ұйымдастырылған іс-шаралар оқушылардың құқықтық сауатын көтеруге, тәртіптілікке баулуға, отбасылық құндылықтарды насихаттауға және ұлттық мәдениетті құрметтеуге бағытталды. Бағдарлама аясындағы жұмыстар жоғары деңгейде ұйымдастырылып, оқушылардың тәрбиелік әлеуетін арттыруға елеулі үлес қосты.

2025 жылдың қаңтар айында мектепішілік, қалалық және республикалық деңгейде бірқатар маңызды іс-шаралар ұйымдастырылып, білім беру, тәрбие, әдістемелік және психологиялық бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асырылды. Аталған іс-шараларға педагогтер, оқушылар, ата-аналар және серіктес ұйым өкілдері белсенді қатысты.

Білім беру және әдістемелік жұмыс

5 қаңтар күні ӘБ жетекшілерінің жартыжылдық қорытынды есебі тыңдалып, пән бірлестіктері жұмыстары сарапталды. 5-8 қаңтар аралығында мектеп әкімшілігі тарапынан қысқа және орта мерзімді жоспарлар зерделенді. Әдістемелік кеңесте II тоқсан қорытындысы, пәндердің берілуі, олимпиада көрсеткіштері мен ағылшын тілінде жаратылыстану пәндерінің оқытылуы талқыланды (Б.Аблаев, Э.Қожахмет).

15-25 қаңтар аралығында мектеп әкімшілігі ағылшын тілі пәнінің оқытылуын тексерді, мұғалімдердің курстан өту жағдайлары қадағаланды.

Пән мұғалімдері мен шығармашыл ұстаздар үшін «Шебер мұғалім – білімді, әрі саналы ұрпаққа негіз болмақ» атты шеберлік сағаты ұйымдастырылды.

Олимпиадалық және ғылыми бағыттағы жұмыс

8-31 қаңтар аралығында пән бірлестіктері дарынды оқушылармен жұмыс жүргізіп, пәндік олимпиадаларға дайындау және іріктеу жұмыстарын жүргізді.

25 қаңтарда «Жарқын болашақ» қазақ тілі пәні бойынша мектепішілік олимпиада өтті.

26 қаңтарда «Қазақ есебі» челленджі өтті (Г.Абилдаева).

30 қаңтарда 8-сыныптар арасында «Сана. Болжа. Тап» атты математикалық эстафета ұйымдастырылды.

31 қаңтарда 2-4 сыныптарға арналған «Бастау» математикалық олимпиадасы өтті.

Тәрбие жұмысы және әлеуметтік қолдау

8 қаңтарда «Әке – отбасының тірегі, бақыттың алтын бағы» тақырыбында жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы өтті. 9-10 қаңтарда Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тарихи ғимараттармен танысу мақсатында облыстық музейге саяхат ұйымдастырылды. «Адал дос – шын дос» акциясы, «Мамандықтың бәрі жақсы – таңдай біл!» сынып сағаттары өткізілді. 23 қаңтарда жазушы Б.Соқпақбаевтың 100 жылдығына арналған «Ақылды бейсенбі» тәлімгер уақыты өтті. «Буллингтен қорған!» және «Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» тақырыптарында қауіпсіздік сабақтары өткізілді.

Әлеуметтік қолдау шеңберінде кепілдік берілген әлеуметтік топтама бойынша құжаттар қабылданып, атаулы әлеуметтік көмек алушылардың тізімі анықталып, Қалалық білім бөліміне жолданды (А.Нұртанова).

Психологиялық қызмет

9-31 қаңтар аралығында А.Топжарғанова оқушылардың дарындылық, бейімділік, темпераментін анықтау бағытында психодиагностика жүргізді.
17 қаңтарда 9-сынып оқушыларына арналған «Мамандықтар әлеміне саяхат» психологиялық тренингі өтті.
23 қаңтарда 11-сынып оқушыларына арналған «Болашағым – өз қолымда» тренингі ұйымдастырылды.

Кітапхана және ақпараттық жұмыс

«Ертегілер әлемінде», «Ертегілерге сыр шерту», «Кітабыңды күтіп ұста!» атты кітап көрмелері мен рейдтер өтті (Г.Сәрсенова, Ғ.Бұрханова).
«EHUB» аппараттық-бағдарламалық кешенінің жұмысын ұйымдастыру мен бақылау жүргізілді.

Патриоттық және әскери-техникалық бағыт

30 қаңтарда «Азамат болу – міндет, патриот болу – парыз» атты әскери қолданбалы жарыс өтті (В.Валиев).
«Мектеп және тәртіп», «Заң және тәртіп» тақырыптарында инспекторлармен кездесулер ұйымдастырылды.

Бақылау және басқару

Асхананың санитарлық жағдайы мен оқушылардың тамақтануын мектеп әкімшілігі тұрақты түрде бақылап отырды.
Электронды журналдарды толтыру, медициналық кітапшалардың жүргізілуі, оқушылардың жеке іс қағаздары жоспарлы түрде тексерілді.

Кәмелетке толмағандар мен олардың ата-аналарын есірткінің заңсыз айналымына қатысқан үшін жауапкершілік туралы хабардар ету шаралары

Р\с	Іс шара атауы	Анықтамасы	фотоесебі	сілтеме
	ҚАУІПСІЗ МЕКТЕП-БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ БАСТЫ КЕПІЛІ	27 желтоқсан 2024 жылы И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейде "Қауіпсіз мектеп-бала қауіпсіздігінің басты кепілі" тақырыбында жалпы мектепішілік ата-аналар жиыны өткізілді. МАҚСАТЫ: қысқы демалыс демалыс күндерінде балалардың қауіпсіздігін сақтау, ата-аналарға түсіндіру; КҮН ТӘРТІБІНДЕ: Балалардың қысқы демалас кезіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы мектеп-лицей директоры Р.Мұхашова Құқықбұзушылықтың алдын алу директордың оқу-тәрбие орынбасары Т.Тастаева (АБК) Фуд карта оқушылардың тамақтануын бақылау және мектепке кіріп-шығу қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кітапханаға қызметін пайдалануды түсіндіру директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Аблаев. Ата-аналар жиналысына 100 ата-ана мен 65 сынып жетекші қатысты. Күн тәртібіндегі мәселелер қаралып, ата-аналарға түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Қойылған сауалдарға жауаптар берілді. Таратпа қағаздары беріліп, бейнероликтер көрсетілді.	 	https:// www.facebook.com/ share/p/1BQm1JuYLY/

	"ӘКЕ - ОТБАСЫНЫҢ ТІРЕГІ, БАҚЫТТЫҢ АЛТЫН БАҒЫ" жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы	Мақсаты: отбасының ұйтқысы, тірегі әке мен ер азамат ұғымының нарқы мен мәнін ұғыну және қастерлеу туралы ой бөлісу. КҮН ТӘРТІБІНДЕ: "Әке жүрегі таудан үлкен, ана жүрегі теңізден терең" тақырыбында ата-аналарға психологиялық қолдау көрсету І жартыжылдық оқу-тәрбие қорытындысына талдау жасап, көрсету. Балалар мен жасөспірімдердің өміріне төнетін интернет қауіптер мен оның алдын алу Оқушының сабаққа қатысуына талдама жасап, көрсету, бағыт беру жолдары Ағымдағы мәселелер. Ата-аналармен сынып жиналысында балалардың мәселелері қаралып, таратпа қағаздары таратылды		https://www.facebook.com/share/p/1AbheYMMgh/





ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

МАҚСАТЫ: оқушылардың құқықтық сауаттарын арттыру, өз құқықтарын қорғау үшін енгізілген өзгерістер мен ерекшеліктерді таныстыру, интернет алаяқтықтан сақтану жолдары, интернет қауіпсіздігі, оның алдын алу жолдары И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейде "Заң және тәртіп" тақырыбында 8-сынып оқушыларымен құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында жиын өтті.

Жиынға мектеп әкімшілігі мен Қызылорда ҚПБ ЖПҚб ЮПб УПИ-ры полиция майоры С.Ерманова мен капитан Н.Жанділлаев қатысты.

Түсіндірме жұмыстарын жүргізе отырып, бейнероликтер көрсетілді, таратпа қағаздары таратылды.


Мен үшін жақсы мұғалім
бәрінен де артық,
ойткені мұғалім - мектептің жүрегі.
Ыбырай Алтынсарин




Мен үшін жақсы мұғалім
ойткені мұғалім - мектептің жүрегі.















БІЗ БІРГЕМІЗ! акциясы


И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейде 13-17 қаңтар аралығында "Біз біргеміз!" акциясы аясында

"Даңқ" бұрышына 1-4 сынып оқушылары саяхат жасады.
МАҚСАТЫ: Ұлы Отан соғысы туралы сынып сағаттары циклі арқылы "Патриоттық тәрбие" жобасын жүзеге асыру. Ерлік, парыз, ар-намыс, жауапкершілік, адамгершілік туралы түсінік қалыптастыру, патриотизм мен тарихты білімсіз болашақ болмайды деген түсінік қалыптастыру; оқушылардың ҰОС жылдарындағы 28 панфиловшылардың ерлігі туралы білімдерін кеңейту; Отан тарихының қаһармандық және қайғылы беттерімен таныстыру;Балалар ерлікпен қаза тапқан батырларды мәңгі есте қалдыру қажеттігін түсінді.

ҒАЛАМТОР ҒАЛАМАТЫ
🚫И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейдің 7-сынып оқушыларымен "Ғаламтор ғаламаты" тақырыбында сыныптан тыс жұмыс жүргізілді.
🚫Мақсаты: интернет кеңістігі баланың тәрбиесі мен мінез-құлқына, әдебіне әсер етуін талқылау; сақтық шараларын жолға қою.
🚫Интернеттің ашықтығы, кез келген ақпараттың жылдам таралуы, бала қарайтын видео контенттердің фильтрлерден өткізілмеуі, ата-аналардың жұмыс пен отбасылық өмір арасындағы үйлесімділік пен тепе-теңдікті сақтамауы бала тәрбиесіндегі жүгенсіздіктің орын алуына ықпал етті. Осындай сын-қатерлерді түбірімен жою мүмкін емес, дегенмен оған тосқауыл болу қажет. Сол себепті ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, ұлттық мүддені жоғары қоятын, өзінің туған жерін, Отанын қадірлейтін және оның әрі қарай дамуына серпін беретін, терең білімді, озық ойлы, адал және ұлттық болмысы айқын тұлға тәрбиелеу мәселесі өзекті. Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Адам жанын игілікпен, ізгілікпен қуаттандырып, адами құнды қасиеттермен қанаттандырады. Ал, қазіргі уақыт – өзгермелі әлемдегі жасампаз ұрпақтың дәуірі. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ. Ұлағатты ұрпақ ұлттың сапасын құрайды.

✅БОПСАЛАУ – ЖАҚСЫ ІС ЕМЕС
✅Мақсаты: бопсалау, әлімжеттік, зорлық-зомбылыққа, жәбірлеуге, кибербуллингке ұшыраған немесе куә болған кәмелетке толмағандарды анықтау, құқық бұзушылықтың алдын алу
✅И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейде "Бопсалау - жақсы іс емес" тақырыбында 9-сынып оқушыларының ер балаларымен бірлескен жоспарлы жиын өтті.
✅Жиынға Қызылорда КПБ ЖПКб ЮПб УПИ-ры полиция капитаны Жанділлаев Нұрбек Ералыұлы қатысты. **✅Кездесу барысында тақырыпты кең көлеңде түсіндіріп, бейнероликтер көрсетіліп, құқықтық сауаттылықтарын арттырды.**



28 ПАНФИЛОВШЫЛАР
📽И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейде 13-17 қаңтар аралығында "Біз біргеміз!" акциясы аясында 9-10 сынып оқушылары "28 панфиловшылар" деректі фильмін тамашалады.
📽МАҚСАТЫ: Ұлы Отан соғысы туралы сынып сағаттары циклі арқылы "Патриоттық тәрбие" жобасын жүзеге асыру.

Ерлік, парыз, ар-намыс, жауапкершілік, адамгершілік туралы түсінік қалыптастыру, патриотизм мен тарихты білімсіз болашақ болмайды деген түсінік қалыптастыру;
оқушылардың ҰОС жылдарындағы 28 панфиловшылардың ерлігі туралы білімдерін кеңейту;
Отан тарихының қаһармандық және қайғылы беттерімен таныстыру;
Балалар ерлікпен қаза тапқан батырларды мәңгі есте қалдыру қажеттігін түсіну.

№	Тақырыбы өткізілген күні	Қатысқан ата-ана саны, оқушы саны	Қысқаша мазмұны	Әлеуметтік желіде жариялану	
				ФОТО	Сілтемелер
1	27.12.2024ж ҚАУІПСІЗ МЕКТЕП-БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ БАСТЫ КЕПІЛІ	165	27 желтоқсан 2024 жылы И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейде "Қауіпсіз мектеп-бала қауіпсіздігінің басты кепілі" тақырыбында жалпы мектепішілік ата-аналар жиыны өткізілді. МАҚСАТЫ: қысқы демалыс демалыс күндерінде балалардың қауіпсіздігін сақтау, ата-аналарға түсіндіру; КҮН ТӘРТІБІНДЕ: Балалардың қысқы демалас кезіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы мектеп-лицей директоры Р.Мұхашова Құқықбұзушылықтың алдын алу директордың оқу-тәрбие орынбасары Т.Тастаева (АБК) Фуд карта оқушылардың тамақтануын бақылау және мектепке кіріп-шығу қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кітапханаға қызметін пайдалануды түсіндіру директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Аблаев. Ата-аналар жиналысына 100 ата-ана мен 65 сынып жетекші қатысты. Күн тәртібіндегі мәселелер қаралып, ата-аналарға түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Қойылған сауалдарға жауаптар берілді. Таратпа қағаздары беріліп, бейнероликтер көрсетілді.	 	https://www.facebook.com/share/p/1BQm1JuYLY/
2	08.01.2025ж "ӘКЕ - ОТБАСЫНЫҢ ТІРЕГІ, БАҚЫТТЫҢ АЛТЫН БАҒЫ" жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы	1245	Мақсаты: отбасының ұйтқысы, тірегі әке мен ер азамат ұғымының нарқы мен мәнін ұғыну және қастерлеу туралы ой бөлісу. КҮН ТӘРТІБІНДЕ: "Әке жүрегі таудан үлкен, ана жүрегі теңізден терең" тақырыбында ата-аналарға психологиялық қолдау көрсету І жартыжылдық оқу-тәрбие қорытындысына талдау жасап, көрсету. Балалар мен жасөспірімдердің өміріне төнетін интернет қауіптер мен оның алдын алу Оқушының сабаққа қатысуына талдама жасап, көрсету, бағыт беру жолдары Ағымдағы мәселелер. Ата-аналармен сынып жиналысында балалардың мәселелері қаралып, таратпа қағаздары таратылды	  	https://www.facebook.com/share/p/1AbheYMMgh/

3	17.01.2025ж БОПСАЛАУ – ЖАҚСЫ ІС ЕМЕС	167	Мақсаты: бопсалау, әлімжеттік, зорлық-зомбылыққа, жәбірлеуге, кибербуллингке ұшыраған немесе куә болған кәмелетке толмағандарды анықтау, құқық бұзушылықтың алдын алу ✅И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейде "Бопсалау - жақсы іс емес" тақырыбында 9-сынып оқушыларының ер балаларымен бірлескен жоспарлы жиын өтті. ✅Жиынға Қызылорда КПБ ЖПКб ЮПб УПИ-ры полиция капитаны Жанділлаев Нұрбек Ералыұлы қатысты. ✅Кездесу барысында тақырыпты кең көлеңде түсіндіріп, бейнероликтер көрсетіліп, құқықтық сауаттылықтарын арттырды.		https://www.facebook.com/share/p/15xhkQT5T7/
4	16.01.2025ж ҒАЛАМТОР ҒАЛАМАТЫ	74	Ⓝ И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейдің 7-сынып оқушыларымен "Ғаламтор ғаламаты" тақырыбында сыныптан тыс жұмыс жүргізілді. Ⓝ Мақсаты: интернет кеңістігі баланың тәрбиесі мен мінез-құлқына, әдебіне әсер етуін талқылау; сақтық шараларын жолға қою. Ⓝ Интернеттің ашықтығы, кез келген ақпараттың жылдам таралуы, бала қарайтын видео контенттердің фильтрлерден өткізілмеуі, ата-аналардың жұмыс пен отбасылық өмір арасындағы үйлесімділік пен тепе-теңдікті сақтамауы бала тәрбиесіндегі жүгенсіздіктің орын алуына ықпал етті. Осындай сын-қатерлерді түбірімен жою мүмкін емес, дегенмен оған тосқауыл болу қажет. Сол себепті ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, ұлттық мүддені жоғары қоятын, өзінің туған жерін, Отанын қадірлейтін және оның әрі қарай дамуына серпін беретін, терең білімді, озық ойлы, адал және ұлттық болмысы айқын тұлға тәрбиелеу мәселесі өзекті. Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Адам жанын игілікпен, ізгілікпен қуаттандырып, адами құнды қасиеттермен қанаттандырады. Ал, қазіргі уақыт – өзгермелі әлемдегі жасампаз ұрпақтың дәуірі. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ. Ұлағатты ұрпақ ұлттың сапасын құрайды.		https://www.facebook.com/share/p/15Yk2uJEQd/

5	15.01.2025ж ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП	149	МАҚСАТЫ: оқушылардың құқықтық сауаттарын арттыру, өз құқықтарын қорғау үшін енгізілген өзгерістер мен ерекшеліктерді таныстыру, интернет алаяқтықтан сақтану жолдары, интернет қауіпсіздігі, оның алдын алу жолдары И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейде "Заң және тәртіп" тақырыбында 8-сынып оқушыларымен құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында жиын өтті. Жиынға мектеп әкімшілігі мен Қызылорда ҚПБ ЖПҚб ЮПб УПИ-ры полиция майоры С.Ерманова мен капитан Н.Жанділлаев қатысты. Түсіндірме жұмыстарын жүргізе отырып, бейнероликтер көрсетілді, таратпа қағаздары таратылды.		https://www.facebook.com/share/p/15hQUo29ZT/



И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінің
25 желтоқсан - 20 қаңтар арасында барлық іс-шаралар
(Буллинг, суицид, құқықбұзушылық, лудомания, нашақорлыққа жол жоқ! т.б)
«Заң мен тәртіп» қағидатын ілгерілету мақсатында атқарған жұмыстар тізімі

2025 жылдың ақпан айына арналған іс-шаралар есебі. Құндылық: Жасампаздық және жаңашылдық. 1. Республикалық және халықаралық күндер аясында іс-шаралар:

- **6 ақпан** – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күніне орай «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» атты қауіпсіздік сабақтары барлық сыныптарда өтті.
- **14 ақпан** – Халықаралық кітап сыйлау күніне орай «Шын жүректен кітап сыйла!» атты челлендж ұйымдастырылып, білім алушылар мен мұғалімдер белсенді қатысты.

2. Күнделікті және апта сайынғы жұмыстар:

- «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» жобасы аясында үзіліс уақытында асық, тоғызқұмалақ, бес тас сынды ұлттық ойындар ойнатылды.
- «Өнегелі 15 минут» жобасы арқылы ата-аналар тарапынан тәрбиелік мәні бар жеке сұхбаттар ұйымдастырылып отырды.
- «Күй күмбірі» жобасы негізінде мектеп қоңырау үні күй әуенімен алмастырылды, бұл оқушылардың эстетикалық талғамын дамытуға оң әсерін тигізді.

- «Менің Қазақстаным» жобасы аясында әр аптаның басында оқушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын хормен орындады.

3. Тәрбие бағытындағы жұмыстар:

- «Мұқағали – ақиық ақын», «Абайдың даналық сөздері», «Ғасырлармен үндескен асыл қазына», «Бабалар үні» сияқты әдеби кештер мен мәнерлеп оқу сайыстары оқушылардың рухани дамуына үлес қосты.
- «Startup» және «Педагогикалық идеялар фестивалі», "Үздік авторлық бағдарлама-2025" сынды байқаулар шығармашылық пен инновациялық көзқарасты қалыптастыруға ықпал етті.
- «Әкемнің ізімен», «Көзімнің ағы мен қарасындай» сынды сайыстар арқылы отбасылық құндылықтар мен әке рөлін насихаттау жұмыстары жүргізілді.
- «Досбол Like», «Сыр лигасы», «Театр тарландарымыз» шаралары оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға бағытталды.
- Психологиялық қолдау мақсатында «Мейірімді болса жүрек», «Достық жолын жарық қылайық», «Психология – ғажайып ғылым» апталығы өткізілді.

4. Қауіпсіздік және құқықтық сауаттылық:

- Терроризм мен экстремизмнің алдын алу, буллингтен қорғану, қаржылық сауаттылық, қауіпсіз қоғам секілді тақырыптарда кездесулер мен түсіндірме сабақтар өтті.
- Барлық сыныптарда әр аптада 10 минуттық қауіпсіздік сабақтары жүйелі жүргізілді.

5. Ғылыми және әдістемелік жұмыстар:

- "Зерде", "Дарын" ғылыми жобаларына дайындық жұмыстары басталды.
- Магистр мұғалімдердің қатысуымен шеберлік сағаттары, әдістемелік тренингтер ұйымдастырылды.
- Аттестатталатын педагогтердің сабақтарына қатысу, жетістіктерін "Ұстаз" платформасына тіркеу жұмыстары жүргізілді.

6. Әлеуметтік және медициналық қолдау:

- «Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі» сауалнамасы жүргізіліп, ата-аналармен түсіндірме жұмыстары жүргізілді.
- Әлеуметтік педагогтар тарапынан ыстық тамақпен қамтылу мониторингі, тағам сапасына бақылау, үй аралау актілері мен жол ақыға байланысты құжаттар уақытылы тапсырылды.

Ақпан айында атқарылған жұмыстар оқушылардың тұлғалық дамуына, шығармашылық әлеуетін дамытуға, қауіпсіздік пен тәрбиелік құндылықтарды нығайтуға бағытталып, **"Жасампаздық пен жаңашылдық"** құндылығын нақты іспен жүзеге асыруға мүмкіндік берді.

ҚҰНДЫЛЫҚ – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні
Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні

<u>күнделікті:</u>
«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.
«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.
«Үнемді тұтыну» – жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру.
«Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде арнайы күй тыңдату.
<u>апта сайын:</u>
«Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.
Аптаның дәйек сөздері
«Жасампаздық - бәрімізге өнеге»
«Шығармашыл бала - ойлы бала»
«Өнерлі бала өрге жүзер»
«Жаңашылдық - заман талабы»

№	Шара атауы	Орындалу мерзімі	Жауапты орындаушылар	Жұмыс түрі
1	«Мұқағали – ақиық ақын»	3-7.02.2025ж	Қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігі	әдеби кеш, мәнерлеп оқу т.б
2	Алғашқы көмек көсету алгоритмі	3-7.02.2025ж	В.Валиев	8-11 сыныптар түсіндірме жұмыстары
3	Ерекше білім беруге қажеттілігі бар және үйден оқитын оқушылардың қосымша білім берумен қамтылуы	3-7.02.2025ж	Б.Жекенов А.Топжарғанова	Құжаттарын жинақтау, түгендеу, зерделеу
4	«Startup» байқауы	3-14.02.2025ж	Сынып жетекшілері	байқау

			Бірлестік жетекшілері Э.Қожахмет Б.Жекенов	
5	Оқушылардың әлеуметтік ортасын, қарым-қатынас сферасын зерттеу: «Социометрия» әдістемесі (А.Белов)	03-28.02.2025	Топжарғанова Ақниет	психодиагностика
6	Сұраныс (сынып жетекшісі,пән мұғалімі,ата-ана) негізінде жеке және топтық кеңес беру	03-28.02.2025	Топжарғанова Ақниет	психодиагностика 1-11 сыныптар
7	«Мен таңдаған мамандық»	4.02.2025ж	И.Қуанышбек «Панфилов парламенті»	«Ұшқыр ой алаңы» дебаты
8	«Терроризм мен экремизмнің алдын алу алгоритмдері»	5.02.2025ж 11.30	Т.Тастаева Дін істері қызметкерлері	кездесу
9	«Сәлемдесе білгенім- бабамның сөзін ілгенім»	5.02.2025ж	Г.Сәрсенова Ғ.Бурханова М.Рашидінова	танымдық сабақ 3 «В»
10	«Абайдың даналық сөздері»	6.02.2025ж	И.Қуанышбек «Жас ұлан» ұйымы	«Жасұлан» сағаты
11	Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	6.02.2025ж	Сынып жетекшілері	алдын алу іс-шарасы
12	“Үздік авторлық бағдарлама-2025” мектепішілік кәсіби байқауы	07.02.2025ж	Пән бірлестік жетекшілері	Кәсіби байқауларға қатысу
13	«Әкемнің ізімен»	07.02.2025ж	Г.Нұрмағанбетова	Сайыс 5-сыныптар
14	Әбділда Тәжібаевтың туғанына -116 жыл	10.02.2025ж	Г.Сәрсенова Ғ.Бурханова сынып жетекшілері	Көрме 1-11 сынып
15	«Мейірімді болса жүрек» психологиялық қолдау	10-14.02.2025ж	Топжарғанова Ақниет	тренинг 6-7 сынып
16	«Дұрыс тамақтану» туралы оқушылардан сауалнамалар алу	10-15.02.2025ж	Әлеуметтік педагог, 8-11 сынып жетекшілері	8-11 сыныптар
17	Магистр мұғалімдерден әдістемелік шебер сынып, тренинг	10-21.02.2025ж	А.Бахуадин Ф.Сейдалиева А.Ерболат А.Абсамиева	Әдістемелік қызмет
18	Қаржылық сауаттылықты арттыру	11.02.2025ж	Т.Тастаева Г.Нұрмағанбетова	түсіндірме жұмыстары
19	«Ауған соғысы: тарих, шындық, тағылым»	12.02.2025ж	Т.Тастаева В.Валиев	кездесу
20	Досбол Like	12.02.2025ж	И.Қуанышбек «Панфилов парламенті»	Көңілді үзіліс
21	Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	12.02.2025ж	Сынып жетекшісі	сынып сағаты
22	«Оқуға құштар Ұлан»	13.02.2025ж	И.Қуанышбек «Жас Ұлан» ұйымы	акция
23	Театр тарландарымыз!	13.02.2025ж	Г.Нұрмағанбетова	6-сыныптар Сахналық қойылым
24	Балалар кітапханасы жобасы аясында «Бір жұлдыз болып жанам мен» З.Шүкіров өміріне арналған кеш	14.02.2025ж	Г.Сәрсенова Ғ.Бурханова Г.Жүнісова	әдеби музыкалық кеш 7 «А» сыныбы
25	“Педагогикалық идеялар фестивалі” мектепішілік байқауы	14.02.2025ж	Э.Қожахмет Пән бірлестік жетекшілері	Кәсіби байқауларға қатысу
26	«Достық жолын жарық қылайық» психологиялық қолдау	14.02.2025	Топжарғанова Ақниет	тренинг 8 сынып
27	«Ғасырлармен үндескен асыл қазына» А.Құнанбаевтың туғанына 180 жыл	17.02.2025ж	И.Қуанышбек Г.Сәрсенова	бейнекөрме
28	«Психология-ғажайып ғылым» апталығы	17-21.02.2025	ППҚ мамандары	апталық
29	“Психология-ғажайып ғылым” ППҚ мамандары апталығы	17-21.02.2025ж	Топжарғанова А. Ерназаров А.	Пән апталықтары

30	Қауіпсіз қоғам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	18.02.2025ж	ДТЖО, сынып жетекшілері	Алдын алу іс-шарасы
31	«Салауатты тамақтану» мамандармен кездесу	20.02.2025ж	ДТІЖО, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер, медбикелер	Түсіндірме жұмыстары 1-4 сыныптар
32	«Соғыс жылдарындағы әндер»	21.02.2025ж	Т.Тастаева Г.Нұрмағанбетова В.Валиев Ж.Абдироманова	4,5-сыныптар челлендж
33	Балалар кітапханасы жобасы аясында «Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі	22.02.2025ж	Г.Сәрсенова И.Қуанышбек «Панфилов парламенті»	челлендж 1-11
34	«Көзімнің ағы мен қарасындай»	22.02.2025ж	Г.Нұрмағанбетова И.Қуанышбек «Панфилов парламенті»	егіздер шеруі
35	«Сыр лигасы» жобасы аясында өткізілетін «Жайдарман» ойындары	25.02.2025ж	И.Қуанышбек «Панфилов парламенті»	7-8 сыныптар
36	«Бабалар үні» Абай өлеңдерін жатқа оқу	27.02.2028ж	И.Қуанышбек Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігі	мәнерлеп оқу 8-10 сыныптар
37	Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік. Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	28.02.2025ж	Сынып жетекшілері	сынып сағаты
38	“Зерде”, “Дарын” мектепішілік ғылыми жобалар байқауының бағытын нақтылау, жобасын дайындау	25-28.02.2025ж	Д. Махаева «Зерде» ғылыми қоғам мүшелері	Оқушылардың ғылыми қоғамы
39	Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылғандығы жөнінде табель өткізу.	25-28.02.2025ж	Әлеуметтік педагог	Табель өткізу.
40	Мектептегі ыстық тамақты ұйымдастыру б/ша ата-аналарға арналған сауалнама «Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі»	26.02.2025ж	Әлеуметтік педагог	1-4сынып; 5-11 сыныптар (тамақ ішетіндері)
41	Оқу процесінің нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асуы	Үнемі	Б.Аблаев Б.Жекенов А.Айдарбекова	Сабақ кестесі, оқу жоспары,БЖБ,ТЖБ, вариативтік сабақтар т.б жүргізілуін бақылау
42	Дене шынықтыру, АӘТД, көркем еңбек, музыка пәндері бойынша сабақтар мен сыныптан тыс жұмыстардың жүргізілуі	Үнемі	Б.Жекенов	Зерделеу, сабақтардың сапалы жүргізілуін бақылау
43	«Білім класс» электрондық журналының уақытында толтырылуы	Үнемі	Б.Аблаев Б.Жекенов А.Айдарбекова	Журналдың уақытылы жүргізілуін қадағалау
44	Аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің сабақтарына қатысу (зерттеуші, сарапшы, модератор)	Ақпан айы	мектеп әкімшілігі	Сабақтарға қатысу, талдау
45	Мектептегі Азаматтық қорғанысына басшылық жасау құжаттарын ұйымдастырылуын қадағалау	Уақытында	Б.Жекенов В.Валиев	Құжаттардың толтырылуын, дайындығын пысықтау, басшылық жасау
46	Мұғалімдерді жүйелі курстарға жіберу	Ай бойы	Э. Қожахмет	Біліктілікті арттыру қызметі
47	Аттестатталатын педагогтердің (модератор, сарапшы) жетістіктерін “Ұстаз” платформасына тіркеу	Ай бойы	Э.Қожахмет	Педагог қызметкерді аттестаттау жұмыстары
48	Олимпиада резервін жасақтау	Ай бойы	Пән бірлестік жетекшілері	Олимпиадалық мектеп жұмысы
49	Асханадағы оқушылардың дұрыс тамақтануын қадағалау. Тағамның жарамдылық мерзімін тексеру	күнделікті	Әлеуметтік педагог Медбике	Қадағалау
50	Әлеуметтік топтағы балалардың тұрғын-жайын	Ай сайын	Әлеуметтік педагог	Үй аралау

	зерттеу актілерін жүргізу;		Сынып жетекшілер	
51	Асхана жұмысын тексеру. Асханадағы оқушылардың дұрыс тамақтануын қадағалау.	үнемі	Комиссия мүшелері	Қадағалау
52	Атаулы әлеуметтік көмек алатын оқушылардың жол ақы тізімін Қалалық білім бөліміне жолдау	мерзімінде	Әлеуметтік педагог	Есеп беру уақытында

2025 жылдың ақпан айында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының «Жасампаздық және жаңашылдық» бағыты бойынша жүргізілген тәрбие жұмыстарының есебі

Ақпан айы бойы И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізінде «Жасампаздық және жаңашылдық» бағытына сәйкес оқушылардың шығармашылығы мен мәдениетке қызығушылығын дамытуға, қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыруға, зияткерлік әлеуетін көтеруге, ұлттық және адамзаттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған кешенді жұмыстар атқарылды.

Күнделікті және апта сайынғы жұмыстар:

- «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» жобасы аясында үзіліс кезінде асық, тоғызқұмалақ, бес тас сынды ұлттық ойындар ұйымдастырылды.
- «Өнегелі 15 минут» жобасы арқылы ата-аналарға баламен қарым-қатынас, мінез-құлық және адамгершілік жөнінде бағыт-бағдар берілді.
- «Үнемді тұтыну» тақырыбында парақшалар мен жадынамалар таратылып, оқушылар арасында табиғи ресурстарды үнемдеу туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.
- «Күй күмбірі» жобасы бойынша үзіліс кезінде күй тыңдатылып, дәстүрлі музыканы насихаттау шаралары жалғасын тапты.
- «Менің Қазақстаным» патриоттық жобасы аясында аптаның алғашқы сабағында ҚР Мемлекеттік Әнұраны орындалды.
- Аптаның дәйек сөздері білім алушылар арасында талқыланып, тәрбие сағаттарында тақырыптық бағытта қолданылды.

Айлық іс-шаралар тізбесі бойынша атқарылған жұмыстар:

- «Мұқағали – ақиық ақын» апталығы аясында әдеби кештер, мәнерлеп оқу байқаулары ұйымдастырылды.
- «Startup» байқауына оқушылар өз жобаларын ұсынып, жасампаз идеяларымен бөлісті.
- «Мен таңдаған мамандық» кәсіби бағдар беру сабағы, «Жас ұлан» ұйымының «Абайдың даналық сөздері», «Оқуға құштар Ұлан» акциясы, «Театр тарландарымыз!» сахналық қойылымы оқушылардың мәдени-рухани дамуына оң әсерін тигізді.
- «Шын жүректен кітап сыйла!» халықаралық кітап сыйлау күніне орай челлендж ұйымдастырылып, мектеп кітапханасына жаңа кітаптар тарту етілді.
- «Дұрыс тамақтану», «Қаржылық сауаттылық», «Салауатты тамақтану» тақырыптарында оқушылар мен ата-аналар арасында сауалнамалар, түсіндіру жұмыстары, кездесулер өткізілді.
- «Ауған соғысы: тарих, шындық, тағылым», «Терроризм мен экстремизмнің алдын алу алгоритмдері», «Қауіпсіз интернет», «Буллингтен қорған!», «Қауіпсіз қоғам» және «Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік» бағыттарында қауіпсіздік сабақтары, тренингтер, түсіндірмелер жүргізілді.
- «Бабалар үні» Абай өлеңдерін жатқа оқу сайысы және А.Құнанбаевтың 180 жылдығына арналған бейнекөрме ұйымдастырылды.
- «Зерде», «Дарын» ғылыми жобалар байқауына оқушылардың қатысуы қамтамасыз етіліп, бағыт-бағдар берілді.
- «Сыр лигасы» аясындағы «Жайдарман» ойындары оқушылардың тапқырлығы мен командалық жұмысын арттырды.

Психологиялық қолдау және әлеуметтік бағыттағы жұмыстар:

- «Мейірімді болса жүрек», «Достық жолын жарық қылайық» тақырыптарында тренингтер өткізілді.
- «Социометрия» әдісі арқылы оқушылардың әлеуметтік байланысы зерттелді, топтық және жеке кеңес берулер жүргізілді.
- Әлеуметтік топтағы балалардың тұрғын-жайына акт жасалды, үй жағдайы зерделенді.
- Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы бойынша табельдер рәсімделіп, ата-аналардан сауалнама алынды.

Мектепішілік әдістемелік және ұйымдастыру-басқару жұмыстары:

- «Үздік авторлық бағдарлама-2025», “Педагогикалық идеялар фестивалі” мектепішілік кәсіби байқаулары өтті.
- Магистр мұғалімдерден әдістемелік шеберлік сағаттары мен тренингтер ұйымдастырылды.
- Аттестатталатын мұғалімдердің сабақтарына қатысып, бағалау жүргізілді.
- Мұғалімдердің жетістіктері «Ұстаз» платформасына тіркелді.
- «Білім класс» электронды журналының толтырылуы, сабақ кестелері мен оқу үрдісінің нормативтік құжаттарға сай жүргізілуі тұрақты бақылауда болды.
- Асхана жұмысы мен тағамның сапасына күнделікті мониторинг жасалды.

Ақпан айында мектепте «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының «Жасампаздық және жаңашылдық» бағыты аясында жүйелі жұмыс жүргізіліп, оқушылардың зияткерлік, мәдени, шығармашылық және адами құндылықтарын дамытуға басымдық берілді. Барлық шаралар жоғары деңгейде ұйымдастырылып, оқушылар мен ата-аналардың белсенділігі қамтамасыз етілді.

2024-2025 жж арналған «Жас құтқарушы» клубының жұмыс жоспары

№ р/с	Іс-шаралардың атауы	Жауапты орындаушы	Орындалу уақыты
1	«Жас құтқарушы» клубы жұмысын ұйымдастыру бойынша облыстық білім басқармасының өкілдерімен көрсетілген келесі іс-шараларды қамтитын жоспар бекіту және жүзеге асыру: -төтенше және шұғыл жағдайларда құтқару ережелерін үйрету; -алғашқы дәрігерлік көмек көрсету; -судағы қауіпсіздік және құтқару ережелері; -өрт қауэпсіздік және т.б шараларды сақтау.	В.Валиев	жыл сайын 25 тамызға дейін
2	Мектеп-лицейде іс-шаралар өткізуге әдістемелік және практикалық көмек көрсету: - төтенше жағдайлар департаменті бөлімшелерінің қызметкерлері арасынан кураторларды анықтау; - авариялық-құтқару техникасымен, құрал-жабдықтармен және т.б танысу және сабақ өткізу үшін қызметкерлерді бөлу.	В.Валиев	жыл ішінде
3	Жас құтқарушылармен: - интерактивтік сабақ; - сынып сағатында жарыстар және басқа да ойындар; - өрт сөндіру бөлімдеріне, судан құтқару қызметіне, шұғыл құтқару жасақтары ғимараттарына экскурсия жасау; - жанұя мүшелерінің қатысуымен конкурстар, эстафеталар және т.б жұмыс тәсілі мен формасын жетілдіру; -ҚР ТЖМ-нің спортшы құтқарушыларының, ірі төтенше жағдайларды жоюға қатысушыларының, құтқарушылардың, ТЖ ардагердерінің қатысуымен ашық сабақ, дөңгелек үстел өткізу; - өрт сөндіру бөлімдеріне, жедел құтқару жасағы базасына ашық есік күнін өткізу.	В.Валиев	20 маусымға дейін 20 желтоқсанға дейін
4	«Жас құтқарушы» клубына арнайы және көмекші техникаларды, құтқару жабдықтары мен саймандарды практикалық және теориялық дәріс беріп көрсету үшін маман бөлу	В.Валиев	үнемі
5	Жергілікті «Жас құтқарушы» клубы жарыстар өткізу, ол үшін: - өткізілетін жарыстың график-жоспарын бекіту; - қатысушыкомандалардың саны, өтетін жері және ұйымдастырылған іс-шаралардыңбасқа да мүмкіндігін ойластыру; - құжаттарды әзірлеу және т.б дайындау.	В.Валиев	25 тамызға дейін
6	Жаз мезгілінде «Жас құтқарушы» клубын: - судағы қауіпсіздік және т.б ережелерін түсіндіру жұмыстарына; - үн-парақтар мен жадынамаларды таратуға; - жағажайларды күзету пәніне: балаларды үлкендердің қарауынсыз су жиектеріне қалдыруды , белгіленбеген және шомылуға рұқсат етілмеген жерлерде балалардың суға түсуіне тиым салуға жас құтқарушыларды жұмылдыру.	В.Валиев	жазғы демалыс кезінде
7	«Жас құтқарушы» клубы бойынша ақпараттар және атқарылып жатқан жұмстардың ақпаратын бұқаралық ақпарат құралдарына кеңінен жариялау.	В.Валиев	үнемі
8	«Жас құтқарушы» клубы бойынша атқарылған жұмыстардың мәліметін ұсыну	В.Валиев	20 маусым 20 желтоқсан
9	«Жас құтқарушы» клубы бойынша республикалық және облыстық слетіне оқушыларды даярлау және қатысуын қамтамасыз ету.	В.Валиев	20 маусымға дейін
10	Жылды қорытындылау	В.Валиев	желтоқсан
11	Келесі оқу жылына жұмыс жоспарын құру	В.Валиев	1 мамырға дейін

2024–2025 оқу жылында И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Жас құтқарушы» клубының қызметі Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі мен Оқу-ағарту министрлігінің бірлескен хатына (2023 жылғы 15 тамыз, №1/2023-ОАМ – №2/2023-ТЖМ), Қызылорда облысы білім басқармасының 2023 жылғы 25 тамырдағы №451 бұйрығына және мектеп директорының 2024 жылғы 1 қыркүйектегі №88 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылып, жүйелі түрде жүзеге асырылды.

Мақсаты: Оқушылардың төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимыл дағдыларын қалыптастыру, алғашқы медициналық көмек көрсету, қауіпсіздік ережелерін меңгерту және өмірлік маңызы бар құндылықтарды тәрбиелеу.

Жоспарланған және іске асырылған негізгі іс-шаралар

1. **Жылдық жоспарды бекіту және жұмыс форматын анықтау**

2024 жылдың 25 тамызына дейін клубтың жылдық жоспары жасалып, төтенше және шұғыл жағдайлардағы

қауіпсіздік ережелері, алғашқы медициналық көмек, судағы қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі және тағы басқа бағыттар бойынша іс-шаралар енгізілді.

2. **Кураторлар мен мамандармен бірлескен жұмыс**

Жыл бойы Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаментінің бөлімшелерімен тығыз байланыс орнатылып, тәжірибелі құтқарушылар мен мамандардың қатысуымен ашық сабақтар, практикалық көрсетілімдер өткізілді. Сонымен қатар, авариялық-құтқару техникаларымен таныстыру жұмыстары жүргізілді.

3. Оқушылармен практикалық және теориялық сабақтар

- Интерактивті сабақтар, сынып сағаттары, командалық ойындар ұйымдастырылды.
- Өрт сөндіру бөлімшелеріне, жедел құтқару жасақтарына, суда құтқару қызметтеріне экскурсиялар жасалды.
- Отбасы мүшелерінің қатысуымен конкурстар, спорттық эстафеталар өткізілді.
- ҚР ТЖМ ардагерлері мен тәжірибелі құтқарушылардың қатысуымен ашық сабақтар мен дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды.

4. **Жазғы демалыс кезеңіндегі жұмыстар**

Жаз мезгілінде клуб мүшелері жағажайларда қауіпсіздік шараларын насихаттап, арнайы үнпарақтар таратты. Балалардың шомылуына тыйым салынған орындарға бақылау орнату жұмыстарына белсенді қатысты.

5. **Жарыстар мен слеттерге қатысу**

Клуб мүшелері үшін жергілікті деңгейдегі жарыстар ұйымдастырылып, оқушылар облыстық «Жас құтқарушы» слетіне дайындалып, қатыстырылды.

6. **Ақпараттандыру және насихат**

Жыл бойы атқарылған жұмыстар туралы ақпараттар мектеп сайты мен әлеуметтік желілерде, жергілікті БАҚ-та жарияланды.

7. **Жұмыстың қорытындылануы**

2024 жылғы 20 маусым мен 20 желтоқсанда аралық есептер тапсырылды. Желтоқсан айында клубтың жылдық жұмысы қорытындыланып, талдау жүргізілді.

8. **Келесі жылға жоспар құру**

2025 жылдың 1 мамырына дейін 2025–2026 оқу жылына арналған жаңа жұмыс жоспары әзірленді.

«Жас құтқарушы» клубы – мектеп оқушыларының азаматтық жауапкершілігін арттырып, төтенше жағдайларда өздерін дұрыс ұстауға баулитын, өмірлік маңызы бар дағдыларды меңгертуге бағытталған маңызды құрылым. 2024–2025 оқу жылында аталған клубтың жұмысы жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтары негізінде нәтижелі жүзеге асты.

Оқушылар мен педагогтердің, ата-аналардың бірлескен әрекеті арқылы қауіпсіздік мәдениеті қалыптасып, балалардың өмірге бейімділігі артты.

Алғыс айту күнін атап өту
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Мақсаты: Бірегейлік пен бірліктің қазақстандық үлгісін нығайту, жалпыұлттық құндылықтарды ілгерілету және тарихи жадты сақтау.

Міндеттері:

- Алғыс күнінің **«Алғыс айту – адамгершіліктің белгісі», «Адамгершілік - асыл қасиет»** идеологиялары арқылы мейірімділік пен алғыс құндылықтарын нығайту.

<u>Идеологиялық мазмұны:</u>

Іс-шаралардың басты бағыты – өзінің кәсіби және азаматтық борышын адал атқаратын қарапайым қазақстандықтарға ризашылық білдіру, Қазақстан халқына бірлігі үшін (су тасқыны, өрт және т.б. кезеңінде), Жұмысшы мамандықтар жылына баса назар аудара отырып, жанқиярлық еңбектері үшін, тарихтың әртүрлі кезеңдеріндегі кең пейілі үшін қазақ халқына алғыс білдіру.

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейдің 2025 жылғы 1 наурыз күні «Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күніне орай және «Алғыс айту» күні мерекесін атап өтудің іс-шаралар жоспары

№	Іс-шаралар атауы	Орындалу мерзімі	Аяқталу нысаны	Жауаптылар
1	1 наурыз – Алғыс айту мерекесін ұйымдастыру жөнінде жоспарды бекіту	25.02.2025ж	ақпан	Т.Тастаева
2	«Мен разымын өмірге» сынып сағаттары	25-28.02.2025ж	1-11 сынып сағаттары	Сынып жетекшілері А.Айдарбекова Т.Тастаева Г.Нұрмағанбетова
3	«Алғыс айту – адамгершілік белгісі»	25.02-01.03.2025ж	бейнероликтер	Сынып жетекшілері А.Айдарбекова Т.Тастаева Г.Нұрмағанбетова
4	«Алғыс айту парызым!» таңғы кездесу	28.02.2025ж <u>07:45</u> <u>13:30</u>	кездесу	Т.Тастаева Г.Нұрмағанбетова А.Айдарбекова

				И.Қуанышбек
5	Жақсылық жаса «Алтын жүрек» марафоны	28.02.2025ж 11.00	қайырымдылық акциясы	«Панфилов парламенті» Өзін-өзі басқару ұйымы А.Нұртанова
6	«Алғыс айтамын еліме!» өзге ұлт өкілдерінің челленджі	01.03.2025ж	челлендж	И.Қуанышбек

И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде 2025 жылдың 1 наурызына орай өткен "Алғыс айту күні" мерекесіне байланысты атқарылған іс-шаралар есебі

(Тұжырымдамалық негізі: Бірегейлік пен бірліктің қазақстандық үлгісін нығайту, жалпыұлттық құндылықтарды ілгерілету және тарихи жадты сақтау)

2025 жылғы 1 наурыз күні И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейде Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күніне орай және "Алғыс айту" күніне байланысты бірқатар мазмұнды, тәрбиелік мәні зор іс-шаралар ұйымдастырылды.

Мақсат:

Жалпыұлттық құндылықтарды, мейірімділік пен ризашылық сезімдерін насихаттау, тарихи жадыны сақтау, еңбек адамына деген құрметті арттыру.

Идеологиялық бағыты:

Мереке аясында өзінің кәсіби және азаматтық борышын адал атқарып жүрген қазақстандықтарға, еңбек адамдарына, түрлі этнос өкілдеріне алғыс білдіру және қазақ халқының кең пейіліне тарихи ризашылық сезімін таныту көзделді. Жұмысшы мамандықтар жылы мен төтенше жағдайларда халыққа көмектескен қарапайым адамдардың еңбегі де назардан тыс қалған жоқ.

Іс-шаралар жоспары аясында орындалған жұмыстар:

1. **Мерекелік жоспарды бекіту**

2025 жылғы 25 ақпанда Алғыс айту күніне арналған кешенді іс-шаралар жоспары бекітіліп, жауапты тұлғаларға нақты тапсырмалар жүктелді.

Жауапты: Т.Тастаева

2. **«Мен разымын өмірге» атты сынып сағаттары (1-11 сынып)**

25–28 ақпан аралығында барлық сыныптарда «Адамгершілік – асыл қасиет» бағыты негізінде ризашылық, құрмет, ізгілік тақырыптарын қамтыған тәрбие сағаттары өткізілді.

Жауапты: Сынып жетекшілері, А.Айдарбекова, Т.Тастаева, Г.Нұрмағанбетова

3. **«Алғыс айту – адамгершілік белгісі» бейнероликтер топтамасы**

25 ақпан – 1 наурыз аралығында оқушылар, ата-аналар мен педагогтер арасынан қатысушылардың бейнероликтері жинақталып, әлеуметтік желіде жарияланды. Онда түрлі маман иелеріне, ұстаздарға, ата-аналарға алғыс айтылды.

Жауапты: Сынып жетекшілері, А.Айдарбекова, Т.Тастаева, Г.Нұрмағанбетова

4. **«Алғыс айту – парызым!» атты таңғы кездесу**

28 ақпан күні сағат 07:45 пен 13:30 аралығында мектептің бастауыш және жоғары сынып оқушылары үшін екі кезеңде ұйымдастырылған бұл шарада оқушылар мен ұстаздар бір-біріне ризашылық білдіріп, алғыс сөздерін айтып, адамгершілік қағидаттарын өмірде қолдану жайлы ойларымен бөлісті.

Жауапты: Т.Тастаева, Г.Нұрмағанбетова, А.Айдарбекова, И.Қуанышбек

5. **«Жақсылық жаса» – «Алтын жүрек» марафоны**

28 ақпан күні өткізілген қайырымдылық акциясы аясында мұқтаж отбасы балаларына көмек көрсетіліп, мектепішілік «Панфилов Парламенті» және өзін-өзі басқару ұйымы белсенді жұмыс атқарды. Оқушылар жүрек жылуын бөлісу, ізгі істер жасау арқылы мейірімділік құндылығын нақты іс-әрекетпен көрсетті.

Жауапты: А.Нұртанова, «Панфилов парламенті», өзін-өзі басқару ұйымы

6. **«Алғыс айтамын еліме!» атты челлендж**

1 наурыз күні мектептің өзге ұлт өкілдері қатысқан бейнечеллендж ұйымдастырылып, олар қазақ халқына, Қазақстанға ризашылық сезімдерін білдіріп, достық пен бірліктің символына айналған "Алғыс айту" күнінің маңызын айшықтады.

Жауапты: И.Қуанышбек

«Бақытты және қауіпсіз балалық шақ!» жобасы бойынша профилактикалық жұмыстардың іс-шара жоспары

№	Іс-шаралар атауы	Орындалу мерзімі	Аяқталу нысаны	Жауаптылар
1	«Бақытты және қауіпсіз балалық шақ!» жобасы бойынша профилактикалық жұмыстардың іс-шара жоспары жасалып, жұмысшы топ құрамы жасақталсын.	24.02-05.03.2025ж	07.03.2025ж	Т.Тастаева Г.Нұрмағанбетова А.Нұртанова А.Топжарғанова
2	Қамқоршылыққа алынған, жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар, өгей әке, өгей анамен тұратын	рейд жұмыстары	Анықтама Фото есептері	1-4 сыныптар А.Айдарбекова 5-7 сыныптар

	балалардың тұрмыс жағдайын анықтау			Г.Нұрмағанбетова 8-11 сыныптар Т.Тастаева А.Нұртанова
3	Тұрмыстық жағдайын анықтау мақсатында сыныптарға бөліну кестесін бекіту	кесте	27.02.2025ж	А.Нұртанова
4	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың алдын алу үшін 8-11 сынып оқушыларынан сауалнама алу	сауалнама	27.02.04.03.2025ж	Т.Тастаева А.Топжарғанова Сынып жетекшілері
5	Бопсалау, кемсіту, ұрып соғу фактілерін анықтау мақсатында 5-7 сынып оқушыларын «Буллинг» сауалнамасын алу	сауалнама	27.02.04.03.2025ж	Г.Нұрмағанбетова А.Топжарғанова Сынып жетекшілері
6	Іс-шара жоспары бойынша атқарылған есепті қалалық білім бөліміне жолдау	есеп	07.03.2025ж	Т.Тастаева

И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі бойынша «Бақытты және қауіпсіз балалық шақ!» жобасы аясында атқарылған профилактикалық жұмыстардың есебі
(24.02–07.03.2025 ж.)

Жобаның мақсаты:
Мектеп жасындағы балалардың құқықтарын қорғау, олардың қауіпсіздігі мен бақытты балалық шағын қамтамасыз ету, тұрмыстық жағдайларын бақылау, әлеуметтік осал топтағы балалармен жүйелі жұмыс жүргізу, кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың, зорлық-зомбылықтың, буллингтің алдын алу.

Атқарылған іс-шаралар:

1. **Жұмыс жоспарын әзірлеу және жұмысшы топты жасақтау**
2025 жылдың 24 ақпаны мен 5 наурызы аралығында мектеп бойынша жобаны іске асыру жоспары әзірленіп, бекітілді. Жауапты тұлғалар мен жұмысшы топ мүшелері анықталды.
Жауапты: Т.Тастаева, Г.Нұрмағанбетова, А.Нұртанова, А.Топжарғанова
Аяқталу мерзімі: 07.03.2025 ж.
2. **Әлеуметтік осал топтағы балалардың тұрмыс жағдайын анықтау (рейд жұмыстары)**
Қамқоршылықтағы, жетім, ата-ана қамқорлығынсыз қалған, сондай-ақ өгей ата-анамен тұратын балалардың тұрмыс жағдайларын анықтау мақсатында рейдтік тексерулер жүргізілді. Үйлерге барып, ата-аналармен және балалармен сұхбат жүргізілді, фото есептер жасалды.
Жауапты:
   - 1–4 сыныптар – А.Айдарбекова
   - 5–7 сыныптар – Г.Нұрмағанбетова
   - 8–11 сыныптар – Т.Тастаева, А.Нұртанова

Нәтиже: анықтамалар мен фото есептер дайындалды.
3. **Сыныптарға бөліну кестесін бекіту**
Жұмысшы топ мүшелерінің жүктемесіне қарай оқушылармен жұмысты тиімді ұйымдастыру үшін кесте жасалып бекітілді.
Жауапты: А.Нұртанова
Күні: 27.02.2025 ж.
4. **Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында 8–11 сынып оқушыларынан сауалнама алу**
Анонимді түрде өткізілген сауалнама барысында оқушылардың мектеп ішіндегі және одан тыс ортада кездесетін қауіп-қатерлер туралы ой-пікірлері жинақталды.
Жауапты: Т.Тастаева, А.Топжарғанова, сынып жетекшілер
Өткізу мерзімі: 27.02 – 04.03.2025 ж.
5. **Буллинг фактілерін анықтауға арналған сауалнама (5–7 сынып)**
Оқушылар арасында өзара қатынас, бопсалау, кемсіту, ұрып-соғу сияқты әрекеттердің бар-жоғын анықтау үшін арнайы сауалнама жүргізілді.
Жауапты: Г.Нұрмағанбетова, А.Топжарғанова, сынып жетекшілері
Өткізу мерзімі: 27.02 – 04.03.2025 ж.
6. **Жалпы қорытынды есепті қалалық білім бөліміне ұсыну**
Барлық өткізілген жұмыстар бойынша жинақталған ақпараттар, фото және сауалнама нәтижелері сарапталып, 2025 жылдың 7 наурызы күні қалалық білім бөліміне есеп түрінде жолданды.
Жауапты: Т.Тастаева

Жоба шеңберінде мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайы, құқықтық қауіпсіздігі, психологиялық ахуалына кешенді талдау жүргізілді. Жұмысшы топтың бірлесе ұйымдастыруымен мақсатты топтармен нақты жұмыстар

атқарылды. Буллинг, зорлық, отбасылық жағдайға қатысты тәуекел топтар анықталып, оларға алдын алу шаралары жүргізілуде. Есеп мерзімінде толық әрі сапалы тапсырылды.

ҚҰНДЫЛЫҚ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы

1 наурыз – Алғыс айту күні
8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі
30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні

күнделікті:

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

«Үнемді тұтыну» – жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру.

«Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде арнайы күй тыңдату.

апта сайын:

«Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

Аптаның дәйек сөздері

Патриотизм - ата-анаңды құрметтей білуің... (Б.Момышұлы)
Тәуелсіздік - тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік.
Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады.
Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең.

№	Шара атауы	Орындалу мерзімі	Жауапты орындаушылар	Жұмыс түрі
1	«Мен разымын өмірге»	27-28.02.2025ж	сынып сағаттары	Сынып жетекшілер 1-11сыныптар
2	Алғыс – ізгі ниет	28.02.2025ж	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері
3	1-наурыз алғыс айту күні	28.02.2025ж	көрме	1-11 сынып Г.Сәрсенова
4	Ойынға салауатты көзқарас	28.02.2025ж	алдын алу іс-шарасы	Сынып жетекшілері
5	«Алғыс айту парызым!» таңғы кездесу	28.02.2025 07:45 13:30		Т.Тастаева Г.Нұрмағанбетова А.Айдарбекова
6	«Алғыс айтамын еліме!»	01.03.2025ж	өзге өкілдерінің челленджі	И.Қуанышбек
7	Жақсылық жаса «Алтын жүрек»	03.03.2025ж	қайырымдылық акциясы	«Панфилов парламенті» Өзін-өзі басқару ұйымы
8	«Жан Анам»	05.03.2025ж 12.15 Акт зал	мерекелік құттықтау	Ж.Абдираманова И.Қуанышбек
9	«Аяулы анам»	5.03.2025ж 18.00 №307	сынып сағаты	6Ә сыныбы Ж.Сейтсұлтан
10	С.Бегалин 130 жылдығына байланысты «Балалар әдебиетінің бәйтерегі»	5.03.2025ж	танымдық сабақ	4-сыныптар Г.Сәрсенова
11	«8 Марта – прекрасный праздник!»	5.03.2025ж 18.00 Акт зал	сынып сағаты	6Д сыныбы С.Зеленкова
12	«Анам және мен»	6.03.2025ж 10.00 Акт зал	сайыс	А.Хасенова
13	«Анасын ұлықтаған ел ардақты»	6.03.2025ж 12.00 Акт зал	ата-аналармен кездесу	11А сыныбы Г.Сейділдаева
14	«Ана – өмір шуағы»	6.03.2025ж 16.00 Акт зал	сынып сағаты	3Б сыныбы М.Сұлтанбекова

15	«8 Марта – день чудесный!»	6.03.2025ж 18.00 Акт зал	сынып сағаты	6в сыныбы Т.Зеленкова
16	«8 Марта – Мамин день»	6.03.2025ж 19.00 Акт зал	сынып сағаты	7Д сыныбы Г.Мұхтарбаева
17	«Ананың аялы алақаны» челленджі	06.03.2025ж	челлендж	Сынып жетекшілері, парламент И.Қуанышбек
18	«Insta Ана – 2025»	06.03.2025ж	әлеуметтік желі байқауы	Аналар қауымдастығы Мектеп ұжымы
19	«Бәрі де Ана бір өзіңнен басталады...»	07.03.2025ж 12.15 Акт зал	салтанатты жиын	Б.Жекенов Б.Аблаев Дене шынықьыру бірлестігі
20	«8 Марта – Мамин праздник»	7.03.2025ж 16.35	сынып сағаты	5В сыныбы В.Шайхутдинова
21	«8 Марта – Мамин праздник»	07.03.2025ж 18.00	сынып сағаты	Э.Смайлова
22	«Ұлттық мәдениет» көрмесі	10.03.2025ж	көрме	Технология пән бірлестігі, сынып жетекшілері
23	Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мейрамын ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту	10.03.2025ж	жоспар	Т.Тастаева
24	Іс-шаралардың идеялық мазмұнын ашу және халыққа мерекелік көңіл-күй сыйлау мақсатында шара өтетін негізгі орындарды тақырыпқа сай безендіру «Наурыз» мерекесінің негізгі атрибуттық белгілерін жауқазын, бәйшешек, қызғалдақ эмблемаларын орнату; тақырыптық билбордтар орнату.	10.03.2025ж дейін	баннер ілу	Г.Нұрмағанбетова
25	Мерекелік безендіру кезінде Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен бекітілген Наурыз мейрамының бірегей логотипін кеңінен пайдалануды қамтамасыз ету	10-23.03.2025ж	логотип	Г.Нұрмағанбетова
26	Күнтізбелік жоспардағы іс-шараларды ақпараттандыруға арналған **медиа кесте** әзірлеу	10.03.2025ж	ақпараттандыру	Г.Нұрмағанбетова
	Алдын-ала мектеп-лицей ұжымын хабардар ету мақсатында мерекелік іс-шаралардың бағдарламаларын әзірлеп, кеңінен ақпараттандыру	10-20.03.2025		Мектеп әкімшілігі
27	1. III оқу тоқсанының қорытындысына талдау жасау 2. Математика-физика пәндерінің берілуі 3. Технология пәні бірлестігінің онкүндігі: «Өнер – өмір өрнегі»	11.03.2025- 20.03.2025	онкүндік	Э.Қожахмет А.Ерматов Г.Абилдаева
28	«Жер сағаты»	12.03.2025ж	экологиялық акция	Мектеп параламенті Ж.Дәуренбекова
29	«Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Бір сынып – бір кітап» Б.Соқпақбаев «Менің атым Қожа» повесін оқу	12.03.2025ж	пікірсайыс	5 «Ә» сыныбы Г.Сәрсенова
30	«Көктем аруы -2025»	12.03.2025ж 12.00	сайыс	8-9 сыныптар И.Қуанышбек
31	Біліктілік санатын көтеруге өтініш берген мұғалімдердің ПББ нәтижесін жинақтау; “Ұстаз” платформасына жетістіктерін, құжаттарын жүктеу	Наурыз айы	жүктеу	Э.Қожахмет Аттестаттау комиссиясы
32	«Үздік авторлық бағдарлама-2025» байқауы	наурыз-сәуір	қалалық кезеңіне мұғалімдерді қатыстыру	Пән бірлестік жетекшілері
33	«Зерде», “Дарын”ғылыми –қоғамдық бірлестігінің жұмыстарына талдау жасау, 2025-2026 оқу жылында ғылыми жобаларға	наурыз айы	оқушыларды іріктеу	Д.Махаева «Зерде» ғылыми қоғам мүшелері

	қатысатын оқушыларды іріктеу			
34	Олимпиада резервін жасақтау	наурыз айы		Э.Қожахмет Бірлестік жетекшілері
	14 наурыз – «Көрісу күні – Амал мерекесі»			
35	Ел бірлігі мен ынтымағын насихаттау мақсатында жалпыхалықты және жергілікті жердегі түрлі этнос өкілдерін қамти отырып **«Амал»** мерекесін ұйымдастыру **«Бірлігі мен тірлігі үйлескен Амал күні»**	14.03.2025ж	таңғы кездесу	Мектеп парламенті И.Қуанышбек
36	Физ-мат бірлестігінің магистр мұғалімдерінің тәжірибе алаңы	14.03.2025	тәжірибе алмасу	Г.Абилдаева Ф.Сейдалиева А.Әбсамиева А.Шайхутдинова
37	**«Наурыз мейрамы»** ұғымының пайда болу тарихы	14-19.03.2025ж	сынып сағаттары	1-11 сыныптар
38	**«Наурыз - құт, береке бастауы»** атты кітап көрмесі	14.03.2025ж	көрме	Г.Сәрсенова Ғ.Бұрханова
39	Бауырсақ **PARTY**	14.03.2025ж	бауырсақ күні	1-4 сыныптар А.Айдарбекова
40	**«Наурыз-базарлық»** сыйлықтар сыйлау	14.03.2025ж	базарлық	5-7 сыныптар Г.Нұрмағанбетова
41	**Елге белгілі аға буын өкілдерін, Ұлы Отан соғысының тыл ардагерлерін құттықтау**	14.03.2025ж	құттықтау	В.Валиев «Жас сарбаз»
	15 наурыз – Қайырымдылық күні			
42	**«Жақсылық жолымен» игі істер марафоны** қайырымдылық акцияларын ұйымдастыру	15.03.2025ж	қайырымдылық жасау	Мектеп әкімшілігі
43	Наурыз поштасы	15.03.2025ж	кітап сыйлау	И.Қуанышбек
44	**16 наурыз – Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні**			
45	**«Дәстүрім тапты жалғасын»** атты ұлттық салт-дәстүрлерді ұлықтау күні	16.03.2025ж	эссе, шығармалар жазу	8-10 сыныптар Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігі
46	**«Адал адам» мәдени-тәрбие орталығы жобасының «Кно тайм» бағыты аясында «Қазақ хандығы» киносын тамашалау**	16.03.2025ж	кино	7-сыныптар Г.Нұрмағанбетова
	17 наурыз – Шаңырақ күні			
47	**«Жарасымды жанұя»** отбасылық танымдық шара	17.03.2025ж	сырлы сұхбат	Мектеп ұжымы
48	**«Жарамды отбасы» отбасы құндылықтарын дәріптеу мақсатында сурет байқауы**	17.03.2025ж	сурет байқауы	Технология бірлестігі А.Ерматов
49	**«Күй күмбірі»** Наурыз мерекесі аясында күйлер орындау	17.03.2025ж	домбырашылар челленджі	Ж.Абдираманова И.Қуанышбек сынып жетекшілері
	18 наурыз – Ұлттық киім күні			
50	**«Ұлттық ойындар»**	18.03.2025ж	көңілді үзіліс	И.Қуанышбек
51	**«Ұлттық киім – ұрпаққа мұра»** атты ұлттық киімдер челленджі	18.03.2025ж	челлендж	1-11 сынып жетекшілері Мектеп парламенті
52	«Наурызнама»	18.03.2025ж	қойылым	Г.Нұрмағанбетова
53	Наурыз – жыл басы	18-20.03.2025ж	қауіпсіздік сабағы	Сынып жетекшілері
	19 наурыз – Жаңару күні			
54	**«Әр жанұядан бір ағаш»** ағаш отырғызу акциясы	19.03.2025ж	акция	Мектеп ұжымы
55	**«Ұлттық ойын - халық мұрасы»** «Асық ату», «Тоғызқұмалақ», «Бес тас», «Ләңгі» т.б ұлттық ойын түрлерінен сайыс өткізу	19.03.2025ж	сайыстар	1-11 сыныптар Ш.Меңлесбайұлы
	20 наурыз – Ұлттық спорт күні			
56	**«Ұлттық ойын - халық мұрасы»** «Асық ату», «Тоғызқұмалақ», «Бес тас», «Ләңгі» т.б ұлттық ойын түрлерінен сайыс өткізу	20.03.2025ж	сайыстар	Мектеп ұжымы Ш.Меңлесбайұлы
57	22-наурыз «Ұлыстың ұлы күні»	20.03.2025ж	көрме	1-11 сынып Г.Сәрсенова

58	«Каникулда кітап оқимыз»	21-31.03.2025ж	видеоролик	2-4 сыныптар Г.Сәрсенова
59	Оқу процесінің нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асуы.	Үнемі	Сабақ кестесі, оқу жоспары,БЖБ,ТЖБ, вариативтік сабақтар т.б жүргізілуін бақылау	Б.Аблаев Б.Жекенов
60	Физика, математика, информатика пәндерінің берілуі	17-21.03	Берілу жағдайын тексеру, бақылау	Б.Аблаев Б.Жекенов Бірлестік жетекшісі
61	Білімнің олқылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштермен жұмыс	Үнемі	Жұмыстарды бақылау	Б.Жекенов, пән мұғалімдері
62	«Білім класс» эл.журналы кіру мониторингісі	Үнемі	Сабақтарды жүргізу, толтыруын бақылау	Б.Аблаев Б.Жекенов
63	Пән мұғалімдердің факультативтер мен үйірмелерді жүргізілуі	кесте бойынша	Берілу жағдайын тексеру, бақылау	Б.Аблаев Б.Жекенов
64	ҰБТ дайындықтары	Кесте бойынша	дайындық	Б.Аблаев
65	3-тоқсан қорытындысы	27.03.2025ж 11.00 Акт зал	педкеңес	Мектеп ұжымы
66	«Отбасындағы ұлттық тәрбие»	28.03.2025ж	Ата-аналар жиналысы	А.Айдарбекова Г.Нұрмағанбетова Т.Тастаева

2025 жылғы наурыз айында И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Тәуелсіздік және отаншылдық» бағытын жүзеге асыру мақсатында бірқатар жүйелі іс-шаралар ұйымдастырылып, оқу-тәрбие процесінде оқушылардың елжандылық сезімін, азаматтық жауапкершілігін және ұлттық сана-сезімін дамытуға басымдық берілді. Бұл жұмыстарға оқушылармен қатар педагогтер мен ата-аналар да белсенді түрде тартылды.

Айдың алғашқы аптасында 5–11 сынып оқушылары арасында **«Мен – тәуелсіз елімнің ұланымын»** тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді. Сынып жетекшілер патриотизм ұғымының мәнін, тарихи тәуелсіздікке қол жеткізу жолындағы бабалар ерлігін, қазіргі Қазақстан жастарының ел дамуына қосар үлесін ашып көрсетті. Сабақтар интерактивті түрде ұйымдастырылып, оқушылар өз пікірін еркін білдіруге мүмкіндік алды.

7 наурыз күні халықаралық әйелдер күнімен тұспа-тұс келген **«Ана – Отан бастау бұлағы»** атты рухани кеш өтті. Мектептің жоғары сынып оқушылары ұлттық құндылықтарды дәріптейтін көріністер қойып, аналарға арналған жырлар мен музыкалық нөмірлер ұсынды. Іс-шараға ата-аналар да шақырылып, отбасындағы тәрбиенің ұлттық тамыры мен Отанға деген құрметпен байланысы жөнінде ой бөлісті.

11 наурызда мектеп кітапханасында тарих пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен **«Азаттық рухы – Мәңгілік Ел тұғыры»** атты дөңгелек үстел өтті. Бұл жиынға 9–11 сынып оқушылары, пән мұғалімдері және мектеп әкімшілігі қатысты. Тәуелсіздік жылдарындағы елеулі тарихи оқиғалар, Елбасы мен Президенттің ел дамуына қосқан үлесі, Қазақстанның әлемдік аренадағы орны сынды тақырыптар қозғалды.

12 наурыз күні 7–11 сынып оқушылары арасында **«Мен – өз елімнің патриотымын!»** атты эссе жазу байқауы өткізілді. Жазба жұмыстарында оқушылар Отан алдындағы борыш, туған елге деген сүйіспеншілік, ұлттық құндылықтарға адалдық тақырыптарын қозғады. Үздік эссе авторлары марапатталып, шығармалары мектептің әдеби бұрышына ілінді.

14 наурызда қазақтың көрнекті тұлғаларына арналған **«Ұлт мақтаныштары»** атты әдеби кеш өткізілді. Кеш барысында оқушылар Алаш арыстары мен қазіргі заман қаһармандары туралы деректермен бөлісіп, олардың өмірі мен еңбегі арқылы отансүйгіштік пен азаматтық ұстанымның үлгісін көрсетті. Педагогтермен қатар ата-аналар да бұл кешке куә болып, жастардың терең ізденісіне жоғары баға берді.

18–22 наурыз аралығында «Наурыз» ұлттық мерекесіне арналған апталық ұйымдастырылып, апта бойы әр күн өз атауымен мазмұнды шаралармен толықты:

- **«Тарихтан тағылым»** күні – оқушылар тарихи көрмеге арнап стендтер әзірлеп, ата-баба дәстүрлерін жаңғыртты;
- **«Ұлттық тағамдар күні»** – оқушылар мен ата-аналар бірігіп қазақтың дәстүрлі ас мәзірін насихаттап, арнайы дастархан жайды;
- **«Киіз үй – ұлттық мұра»** көрмесінде мектеп ауласында ұлттық киіз үй тігіліп, оқушыларға қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі таныстырылды;
- **«Наурыз шапағаты» қайырымдылық акциясы** – көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға қолдау көрсетіліп, мектеп ұжымы мен ата-аналар комитеті бірігіп әлеуметтік жауапкершілік үлгісін көрсетті.

19 наурызда өткізілген **«Ұлттық ойындар – ұрпақтар жалғастығы»** атты спорттық мерекеде асық ату, ләңгі тебу, арқан тарту, қол күрес сынды ұлттық ойындар ойнатылып, салауатты өмір салты мен ұлттық мұраның сабақтастығы үндестірілді.

21 наурыз – Наурыз мейрамы күні мектептің ашық алаңында салтанатты мерекелік шара өтті. Оқушылар ұлттық киіммен сахналық қойылымдар, дәстүрлі ән-күй және бимен көрермендерге мерекелік көңіл-күй сыйлады. Шараға мектеп басшылығы, мұғалімдер, ата-аналар және мектеп түлектері де қатысты.

25 наурызда Қарулы күштер өкілінің қатысуымен **«Отан қорғау – қасиетті парыз»** атты кездесуде әскери қызметтің мәртебесі, патриоттық тәрбие және ел алдындағы жауапкершілік мәселелері сөз болды. 10–11 сынып оқушылары бұл шарада өздерін толғандырған сұрақтар қойып, әскери өмір туралы нақты әрі шынайы ақпарат алды.
27 наурызда оқушылар «Ұлы дала тұлғалары» тақырыбында жобалық жұмыстарын қорғап, белгілі мемлекет қайраткерлерінің, батырлар мен ғалымдардың өмір жолы мен елге қосқан үлесін таныстырды. Жобалар оқушылардың зерттеу, сөйлеу және шығармашылық қабілетін дамытуға ықпал етті.
Ай бойында мектептің әлеуметтік желідегі ресми парақшасында «Менің Отаным – Қазақстан» айдары жүргізіліп, оқушылар өз туған жері, ұлттық мәдениет және Тәуелсіздікке деген көзқарасы туралы бейнероликтер мен шығармашылық жұмыстарын ұсынды.
Аталған барлық іс-шаралар барысында оқушыларға елінің өткені мен бүгінін, ұлттық бірегейлікті бағалаудың маңызы түсіндірілді. Педагогтер мен ата-аналар тарапынан жас ұрпаққа үлгі боларлық тәрбие беруге деген ынтымақ пен бірлік байқалды.
«Тәуелсіздік және отаншылдық» бағыты бойынша жүргізілген жұмыстар оқушылардың бойында азаматтық жауапкершілік, елін, жерін сүю, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, ұлттық салт-дәстүрлерге адалдық сияқты қасиеттерді қалыптастыруға үлкен әсер етті. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының бұл бағыты жүйелі жүзеге асып, тәрбиелік мәні жоғары деңгейде қамтамасыз етілді.

Балалардың көктемгі демалысын Наурызнама тұжырымдамасына сәйкес ұйымдастыру бойынша іс-шаралар жоспары
ҚҰНДЫЛЫҚ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы

21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі
30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні
<u>күнделікті:</u>
«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.
«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.
«Үнемді тұтыну» – жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру.
«Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде арнайы күй тыңдату.

Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады.
Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең.

№	Шара атауы	Орындалу мерзімі	Жауапты орындаушылар	Жұмыс түрі
1	Балалардың көктемгі демалысын Наурызнама тұжырымдамасына сәйкес ұйымдастыру	20.03.2025ж	Т.Тастаева	Жоспар, бекіту
2	22-наурыз «Ұлыстың ұлы күні»	20.03.2025ж	1-11 сынып Г.Сәрсенова	көрме
3	Кітаптың сыры: басты идеяны тап, кітап оқимыз, жадымызда тоқимыз»	21-31.03.2025ж	2-4 сыныптар Г.Сәрсенова	видеоролик
4	3-тоқсан қорытындысы	27.03.2025ж 11.00 Акт зал	Мектеп ұжымы	педкеңес
5	«Отбасындағы ұлттық тәрбие»	28.03.2025ж	А.Айдарбекова Г.Нұрмағанбетова Т.Тастаева	ата-аналар жиналысы
6	«Менің отбасым – менің тірегім! есік алдын көгалдандыру	26.03.2025ж	А.Айдарбекова	видеоролик
7	«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»	20.03.2025ж	Б.Жекенов Ш.Меңлесбайұлы	спорттық сайыс
8	«Күй күмбірі» республикалық домбырашылар челленджін ұйымдастыру	20.03.2025ж	И.Қуанышбек Т.Тастаева Г.Нұрмағанбетова	челлендж
9	Ынтымақтастық күніне орай барлық ұлт өкілдерінің қатысуымен "Біз «әртүрліміз, бірақ теңбіз»	21.03.2025ж	Мектеп әкімшілігі	Массовка
10	«Өз ауланды тазала» экочелленджі	23.03.2025ж	1-11 сынып жетекшілері	экочеллендж
11	Көркем және анимациялық фильмдерді тамашалау	21-31.03.2025ж	1-11 сыныптар	көркем және анимациялық фильмдер

12	«Өз еліңді таны» жергілікті жерлердегі тарихи-мәдени ескерткіштерге, мұражайларға оқушылардың танымдық экскурцияларын ұымдастыру	21-31.03.2025ж	1-11 сыныптар	экскурция
13	Бейнероликтерді әлеуметтік желілерге салу	уақытында	Г.Нұрмағанбетова	қорытынды

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінің 2025 жылғы наурыз айына арналған Балалардың көктемгі демалысын Наурызнама тұжырымдамасына сәйкес ұйымдастыру бойынша іс-шаралар жоспары

Құндылық бағыты: Тәуелсіздік және отаншылдық

Наурыз айы – тәуелсіздік пен отаншылдық айы ретінде мектеп ұжымы, оқушылар мен ата-аналарды біріктіретін маңызды кезең болып табылады. 21, 22, 23 наурыз күндері өтетін Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі және 30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні аясында ұлттық құндылықтарды дәріптеп, табиғат пен адам арасындағы үйлесімділікке көңіл бөлінді.

Наурызнама тұжырымдамасының рухында мектепте келесі негізгі іс-шаралар жүйелі түрде жүргізілді:

- **Күнделікті ұйымдастырылатын әрекеттер:**

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» жобасы бойынша үзіліс кезінде оқушылардың бос уақытын қазақтың ұлттық ойындары – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және басқа ойындар түрінде тиімді пайдалану қамтамасыз етілді. Бұл ойындар оқушылар арасында командалық рухты және ұлттық дәстүрді насихаттауға бағытталды.

«Өнегелі 15 минут» форматы бойынша ата-аналар мен балалар арасындағы адамгершілік пен мінез-құлық мәселелері туралы жеке әңгімелесу тұрақты түрде өткізілді. Бұл шара отбасылық құндылықтарды нығайтып, бала тәрбиесіне ата-аналардың тікелей қатысуын арттырды.

«Үнемді тұтыну» тақырыбында суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді пайдалану туралы жадынамалар мен нұсқаулықтар таратылады, табиғатты қорғау жөніндегі әңгімелер ұйымдастырылады. Осылайша оқушылардың экологиялық сауаттылығы арттырылды.

«Күй күмбірі» жобасы бойынша дәстүрлі күй өнері арқылы рухани-мәдени құндылықтарды дәріптеу мақсатында қоңыраудың орнына ұлттық күй қолданылып, үзіліс кезінде арнайы күй тыңдатылды.

20 наурызда балалардың көктемгі демалысын Наурызнама тұжырымдамасына сәйкес ұйымдастыруға арналған жоспар бекітіліп, жауапты тұлғалар белгіленді.

22 наурыз күні «Ұлыстың ұлы күні» тақырыбында 1-11 сынып оқушыларына арналған көрме ұйымдастырылды. Бұл шара ұлттық бірлік пен салт-дәстүрлерді насихаттады.

21-31 наурыз аралығында 2-4 сыныптар арасында «Кітаптың сыры: басты идеяны тап, кітап оқимыз, жадымызда тоқимыз» атты видеороликтер көрсетілді, бұл оқушылардың оқуға қызығушылығын арттыруға бағытталды.

27 наурызда мектеп акт залында 3-тоқсан қорытындысы бойынша педагогикалық кеңес өтті.

28 наурызда «Отбасындағы ұлттық тәрбие» тақырыбында ата-аналар жиналысы ұйымдастырылып, отбасы тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтар мәселелері талқыланды.

26 наурыз күні «Менің отбасым – менің тірегім!» тақырыбында есік алдындағы көгалдандыруға қатысты видеоролик түсірілді.

20 наурызда «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» спорттық сайысы өткізілді. Республикалық домбырашылар челленджі – «Күй күмбірі» ұйымдастырылып, ұлттық музыкалық мәдениетті насихаттау кеңейтілді.

21 наурыз күні Ынтымақтастық күніне орай барлық ұлт өкілдерінің қатысуымен «Біз әртүрліміз, бірақ теңбіз» атты мәдени шара өткізілді.

23 наурызда «Өз ауланды тазала» тақырыбында экочеллендж ұйымдастырылып, оқушылар арасында экологиялық мәдениет қалыптастырылды.

21-31 наурыз аралығында 1-11 сынып оқушылары үшін көркем және анимациялық фильмдер көрсетіліп, ұлттық және тарихи құндылықтар жайлы бейнероликтер әлеуметтік желілерде таралды. Сонымен қатар, оқушылардың жергілікті тарихи-мәдени ескерткіштерге, мұражайларға экскурсиялары ұйымдастырылды.

Барлық іс-шаралар оқушылардың Тәуелсіздік пен Отанға деген сүйіспеншілігін, ұлттық дәстүрлерді құрметтеуге, экологиялық сана-сезімді қалыптастыруға бағытталды. Жоспарға педагогтер, оқушылар және ата-аналар белсенді қатысты. Бұл іс-шаралар баланың жан-жақты дамуына, рухани-мәдени құндылықтарды бойына сіңіруіне, сондай-ақ отбасы мен мектеп арасындағы үйлесімді байланысты нығайтуға ықпал етті.

СӘУІР–ЕҢБЕККОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

ҚҰНДЫЛЫҚТАР:«Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және Ынтымақ» «Әділдік және Жауапкершілік, «Заң және Тәртіп», «Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік», «Жасампаздық және Жаңашылдық».

2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні

7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні

12 сәуір – Ғылым күні

15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні

18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні

23 сәуір – Ұлттық кітап күні

<u>күнделікті:</u>

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.
«Үнемді тұтыну» – жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру.
«Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде арнайы күй тыңдату.

апта сайын:

«Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

Аптаның дәйек сөздері

1 апта «Еңбек - қуаныш, жалқаулық - айырылмас азап.» (Абай)
2 апта «Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді.» (Леонардо да Винчи)
3 апта «Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар»
4 апта «Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер»

№	Шара атауы	Орындалу мерзімі	Жауапты орындаушылар	Жұмыс түрі
1	Орыс тілі пәнінің берілуі	1-4 сәуір	Айдарбекова А.Ж	сабаққа ену
2	2 сәуір - Халықаралық балалар әдебиеті күні	2.04.2025ж	2-сыныптар Г.Сәрсенова	кітап көрмесі
3	«Абайдың сөзі- қазақтың бойтұмары»	03.04.25ж	И.Қуанышбек	ақылды бейсенбі
4	«Біз таңдаған кітаптар» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	4.04.2025ж	ДТЖО Сынып жетекшілері Г.Сәрсенова	сынып сағаты
5	«Көңілді үзіліс»	07.04.25ж	И.Қуанышбек	ұлттық ойындар, бес асық
6	ББЖМ-ге дайындық жұмысының барысы	7-11.04.2025ж	Айдарбекова А.Ж Сынып жетекшілер	мониторинг
7	“AI and the future is now” ағылшын тілі пәні бірлестігінің апталығы	07-18.04.2025	Э.Қожахмет А.Оналбаева Ш.Менлесбайұлы	пән бірлестіктерімен жұмыс
8	Адамгершілік-жыныстық тәрбиелеу, жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын нығайту мақсатында «Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы» атты арнайы мамандардың қатысуымен кездесу	08.04.2025ж	ДТЖО А.Топжарғанова 1-11 сынып жетекшілері Н.Фазылова Н.Жанділлаев	ұлдармен кездесу
9	«Әжеммен оқимын»	08.04.2025ж	1 сыныптар Г.Сәрсенова	сайыс
10	«Мен таңдаған мамандық»	9.04.2025ж	Э.Қожахмет 9-сыныптар	кездесу
11	«Қоғамдық мүлікті қорға!» атты алдын алу іс-шарасын өткізу Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	09.04.2025ж	ДТЖО А.Топжарғанова 1-11 сынып жетекшілері	алдын алу іс-шарасына бейнероликтер түсіру
12	Оқушылардың бойында кітап оқу дағдысын қалыптастыру мақсатында «Оқуға құштар баланы тәрбиелеудегі мектеп кітапханасының заманауи рөлі»	10.04.2025ж	ДТЖО И.Қуанышбек Г.Сәрсенова	дөңгелек үстел
13	Халықаралық «Соғыс жылдарындағы көрсетілген көмектер»	11.04.2025ж 12.00 акт зал	6Д,10Г сыныбы В.Валиев	Ерлік сабағы телемост
14	«Ғарыш – келешектің кемел жолы» 12-сәуір – Дүниежүзілік ғарышкерлер күні	11.04.25ж	И.Қуанышбек	«Ұшқыр ой алаңы» дебат
15	Жаратылыстану сауаттылығын тексеру	14-18.04.2025ж	2-4 сыныптар	тест алу
16	«Оқуға құштар ұлан» «Отбасымен кітап оқу», «Тәлімгермен бірге оқыдым».	14.04.25ж	И.Қуанышбек	кітап оқу акциясы
17	Дарынды балалармен жұмыс нәтижесін шығару	14-18.04.2025ж	Айдарбекова А.Ж Сынып жетекшілер	директор жанында қарау
18	«Ерте жүктіліктің алдын алу, қыздардың гигиенасы, жастарды отбасылық өмірге	15.04.2025ж	ДТЖО А.Топжарғанова	қыздармен кездесу

	дайындау»		1-11 сынып жетекшілері Н.Фазылова Н.Жанділлаев	
19	Ақын, қазақ әдебиетінің негізін қалаушы Ілияс Жансүгіровтың туғанына 130 жылдығына орай «Ілияс оқулары» атты байқауын өткізу	16.04.2025ж	Қазақ тілі бірлестігі Р.Кокилова	байқау
20	«Қамқор» жобасын іске асыру бағытында «Түлектердің гүл егуі»	16-17.04.2025ж	ДТЖО 11 сынып жетекшілері	экочелленджі
21	«Абай –қазақ халқының рухани байлығы»	17.04.2025ж	1-11 сынып Г.Сәрсенова	кітап көрмесі
22	«Менің Отаным - Қазақстан»	18.04.2025ж	7,10-сыныптар Жаратылыстану бірлестігі Ж.Дәуренбекова	көрікті жерлерге бейнероликтер әзірлеу
23	Олимпиада, ғылыми жоба, спорттық және өнер байқаулары жеңімпаздарын құттықтауға арналған жұлдызды шеру	18.04.2025	Э.Қожахмет Бірлестік жетекшілері Г.Рахымжанова	олимпиадалық мектеп жұмысы
24	«Өмірге салауатты қадам» атты алдын алу іс-шарасын өткізу Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	18.04.2025ж	ДТІЖО И.Қуанышбек Дене шынықтыру бірлестігі Ш.Меңлесбайұлы Н.Фазылова	алдын алу іс- шарасы
25	«Қанатты достар»	18.04.25ж	И.Қуанышбек	акция желіде жариялау
26	«Атадан-өсиет» әкелермен кездесу	22.04.2025ж	Г.Нұрмағанбетова5-сынып жетекшілер (әкелер)	шеберлік сағаты
27	«Көбейту кестесін жаттаймын»	21-22.042025ж	Сейткамалова Н.А Рашидінова М.Б Канатбаева А.А Тілеуова Н 3-4 сыныптар	ойын-сайыс
28	“Спорт-біздің серігіміз”	21.04- 02.05.2025	Э.Қожахмет	дене шынықтыру пәні бірлестігінің апталығы
29	І.Жансүгіров шығармаларынан қойылым қою	22.04.2025ж	6-сыныптар	қойылым
30	«Мен көшбасшымын»	23.04.2025ж	И.Қуанышбек Панфилов парламенті	сайыс
31	23-сәуір - Халықаралық кітап күні «Өзің оқып, өзгеге ұсын»	23.04.2025ж	7 «Б» сынып Г.Сәрсенова	READx
32	«Абай жаққан бір сәуле сөнбеу үшін!»	23.04.25ж	И.Қуанышбек	мәнерлеп оқу
33	«Балалар кітапханасы» жобасы аясында облыстық әмбебап кітапханасына барып кітаптар оқу «Менің сүйіп оқыған кітабым»	23-24.04.2025ж	Рахметова А.А Достаева Г.С	байқауын өткізу.
34	«Буллингтен қорған!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	25.04.2025ж	ДТЖО А.Топжарғанова 1-11 сынып жетекшілері	сынып сағаты
35	«Алғыр болсаң, озып көр»	25-28.04.2025ж	Ахметханова И.В Сейткамалова Н.А Картакова З.Х Көптілеу Г.С Айпеисова Н.П Палмахова Қ 2-4 сыныптар	интеллектуалды сайыс
36	«Анадан қасиет» аналармен кездесу	25.04.2025ж	Т.Тастаева 8-сынып жетекшілері (аналар)	шеберлік сағаты
37	«Әкем үйреткен»	25.04.25ж	И.Қуанышбек	Отбасы өнегесі, әке

				тәрбиесінің мектебін кітап оқу дағдылары арқылы қалыптастыру
38	«Құстар-біздің досымыз»	29.04.2025ж	Нурпеисова Д.Р Достаева Г.С Сынып жетекшілер 3-4 сыныптар	құстар мерекесіне орай ұя жасап, ілу
39	«Құстар-біздің досымыз» құстар күні	29.04.2025ж	Хасенова А.С Ющенко Н.К Сеилова М Киікбаева Ф Сынып жетекшілер 1-2 сыныптар	сурет көрмесі
40	«Шабыт» жобасы аясында «Екі жұлдыз»	30.04.2025ж	Айдарбекова А.Ж Сынып жетекшілер 1-4 сынып (Әр сыныптан 1 жұп)	дәстүрлі әндер байқауы
41	«Сыр лигасы» жобасы аясында «Жайдарман – 2025»	30.04.25ж	И.Қуанышбек	жайдарман ойындары
42	Оқу процесінің нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асуы.	Үнемі	Оқу орынбасарлары	сабақ кестесі, оқу жоспары, БЖБ, ТЖБ, вариативтік сабақтар тб жүргізілуін бақылау
43	№4 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы	Ай бойы	Б.Аблаев Б.Жекенов	бақылау, ұйымдастыру, өткізу
44	АӘДТ, Дене шынықтыру пәндерінің апталығы	Уақытында	Б.Аблаев Б.Жекенов Ш.Меңлесбайұлы	берілу жағдайын тексеру, сабақтарына қатысу, талдау жасау
45	Білімнің олқылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштермен жұмыс	Үнемі	Б.Аблаев Б.Жекенов Пән мұғалімдері	жұмыстарды бақылау
46	Кіріс құжаттарымен жұмыс жасау	Уақытында	Б.Жекенов	орындау
47	«Білім класс» эл.журналы кіру мониторингісі	Үнемі	Б.Аблаев Б.Жекенов	сабақтарды жүргізу, толтыруын бақылау
48	Пән мұғалімдердің факультативтер мен үйірмелерді жүргізілуі	Кесте бойынша	Б.Аблаев Б.Жекенов	берілу жағдайын тексеру, бақылау
49	Жалпы пәндер бойынша ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылармен жүргізілген жұмыстар нәтижесі	Үнемі	Б.Аблаев Б.Жекенов Н.Аитбай А.Ерназаров	берілу жағдайын тексеру, бақылау
50	Жоспарларға сәйкес, басқа да шаралар	Уақытында	Әкімшілік	қатысу, ұйымдастыру
51	Оқушылардың әлеуметтік ортасын, қарым-қатынас сферасын зерттеу: «Социометрия» әдістемесі (А.Белов)	01-30.04.2025ж	Топжарғанова Ақниет (5-7сынып)	психодиагностика
52	Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін анықтау	01-30.04.2025ж	Топжарғанова Ақниет	психодиагностика
53	8-10 сынып оқушыларына психологиялық қолдау «Дос болайық бәріміз»	10-30.04.2025ж	Топжарғанова Ақниет	тренинг
54	Сұраныс (сынып жетекшісі, пән мұғалімі, ата-ана) негізінде жеке және топтық кеңес беру	01-30.04.2025ж	Топжарғанова Ақниет 1-11 сыныптар	психодиагностика
55	Педагогтерді ақылы/ақысы біліктілікті артыру курстарына қатыстыру	сәуір айы	Э.Қожахмет Аттестаттау комиссиясы	біліктілікті арттыру қызметі
56	Аттестаттаудан өтетін педагог қызметкерлердің портфолиоларын жинақтап, комиссия отырысын жасау	сәуір	Пән бірлестік жетекшілері	педагог қызметкерді аттестаттау жұмыстары
57	Педагог қызметкерлерге қатысуға рұқсат берілген байқауларға заңдылығына сәйкес қатыстыру	сәуір	Э.Қожахмет	кәсіби байқауларға қатысу
58	«ФИДЕ» ережесіне сәйкес шахмат ойнау челленджі	сәуір	Э.Қожахмет Е.Маханов	кәсіби байқауларға қатысу

Сәуір айына арналған «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» тақырыбындағы кәсіби байқауларға қатысу туралы есеп

